

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрлігі тергеу изоляторларының ішкі тәртібі Ережелерін бекіту туралы"

Күшін жойған

Бұйрық Ішкі істер министрлігі 1999 жылғы 14 желтоқсан N 630. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 14 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 1026. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 15 шілдедегі бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 15.07.2004 № 417 бұйрығымен.

Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпкерлерді күзетті ұстаудың тәртібімен шарттары Қазақстан Республикасы Заңның Z990353_15 бабына с ә й к е с Б ұ й ы р а м ы н :

1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің тергеу изоляторларының ішкі тәртіп Ережелері, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасымен келіскен, бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. ҚАЖ комитетінің төрағасы, облыстардың Астана және Алматы қаласының ІІББ, ІІБ б а с т ы қ т а р ы :

1) бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаларды атқарушы мекемелердің және тергеу изоляторлары жеке құрамының осы бұйрықпен бекітілген Ережелерді, оқуын ұйымдастырсын және тергеу изоляторларының жұмысын талапқа сай қамтамасыз етсін;

2) бекітілген Ережелер жөнінде сезіктілер мен айыпталушыларды оларға қатысты бөліктерінде кеңінен хабардар ету, сондай-ақ олардың негізгі міндеттерімен және құқықтарымен кеңінен таныстыру шараларын қолдансын.

*Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі -
Ішкі әскерлер қолбасшысы*

генерал-лейтенант

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
1999 жылғы 14 желтоқсан
N 630 бұйрығына
N қосымша
"Келісілді"

Қазақстан Республикасы
Бас прокурорының орынбасары
3-ші дәрежелі мемлекеттік
әділет кеңесшісі

**Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
тергеу изоляторларының ішкі тәртіп
Ережелері <*>**

Ескерту: Ережелердің барлық мәтіні бойынша "күзет қамауына алынған адамдар" деген сөздер "сезіктілер мен айыпталушылар" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 29 қазандағы N 769 бұйрығымен. V011700_

1 . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі тергеу изоляторларының осы ішкі тәртіп ережелері (бұдан әрі - Ережелер) "Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Z990353_ (N 353-1 ҚРЗ 30.03.99 ж. бұдан әрі - Заң) 15-бабына сәйкес күзет қамауына алынған адамдарды Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің тергеу изоляторында күзетте ұстау режимін қамтамасыз ету мақсатында ішкі тәртіпті реттейді.

2. Тергеу изоляторларында:

- 1) үстінен қозғалған қылмыстық іс тергеу және анықтау органдарының өндірісіне қабылданған сезіктілер мен айыпталушылар;
- 2) үстінен қозғалған қылмыстық іс соттың өндірісіне қабылданған сезіктілер мен айыпталушылар (сотталушы);
- 3) үкімі әлі заң күшіне енген, қылмыстық іс бойынша сотталғандар;
- 4) басқа қылмыстық істер бойынша жауапқа тартылып, бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылған сотталғандар ұсталады.

3. Бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаны тергеу изоляторларында өтейтін сотталғандардың санаты:

- 1) қылмыстық жазаларын белгіленген тәртіппен бас бостандығынан айыру түрінде немесе еріксіз емдеу үшін мекемелерге жіберуге жатқызылған қылмыстық іс бойынша сотталғандар;
- 2) басқа адамдар жасаған қылмыстар бойынша тергеу жүргізілуіне немесе бұл істердің сотта қаралуына байланысты тергеу изоляторларында қалдырылған немесе оған жазаны орындаушы мекемелерден ауыстырылған сотталғандар;
- 3) тергеу изоляторларына шаруашылық, қызмет көрсету жұмысына тартылған сотталғандар.

Аталған санаттағы сотталғандарды тергеу изоляторларында ұстау тәртібі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексімен Z970208_ және

түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп ережелерімен реттеледі. Өлім жазасына сотталғандарды ұстау тәртібі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару Z970208_ кодексімен және Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің нұсқаулығына с ә й к е с р е т т е л е д і . < * >

Ескерту: 3-тармақ толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 29 қазандағы N 769 бұйрығымен . V011700_

4. Режим деп Қазақстан Республикасының Заңымен, осы Ережелермен және басқа да құқықтық актілермен реттелген сезіктілер мен айыпталушыларды ұстау тәртіптері мен шарттары танылады. Режим сезіктілер мен айыпталушылардың құқығын сақтау, олардың өз міндеттерін атқару, оларды оқшаулауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде көрсетілген міндеттерді орындау мақсатында орнатылады.

5. Тергеу изоляторларының режимін қамтамасыз ету, оның ішкі тәртібін сақтау тергеу изоляторларының әкімшілігіне, сондай-ақ қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе салғырт орындағаны үшін заңмен белгіленген жауапқа тартылатын қызметкерлерге жүктеледі.

Сонымен қатар, тергеу изоляторларының бастығы күн тәртібін белгілеп, бұйрық бойынша жариялайды. Онда сегіз сағаттық үздіксіз ұйқы, тұру, дәрет алу, тамақтану, жұмыс, тәрбиелік іс-шаралар, ұйқыға жату уақыты көзделеді.

Қамауға алынған адамдарды тергеу изоляторында жауап алуға күнделікті сағат 9-дан бастап сағат 22-ге дейінгі кезеңде шақыруға болады.

6. Тергеу изоляторларында ұсталатын адамдар оларға Заңмен жүктелген тергеу изоляторларындағы тәртіп ережелерінің (N 11 қосымша) міндеттері мен талаптарын бұлжытпай орындауға тиіс.

Олардың өз міндеттерін орындамауы белгіленген тәртіптегі жауапкершілікке ә к е л і п с о қ т ы р а д ы .

7. Тергеу изоляторларын инспекциялау құқығын: Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі, Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Күзет Сезіктілер мен тергеу қамауындағыларды алдын ала оқшаулау департаментінің бастығы, облыстар және Астана, Алматы қаласы ПБ (ПББ)-ның бастықтары, Астана, Алматы қалалары ПББ-нің, облыстардағы ПББ-ПБ-нің сезіктілер мен тергеу қамауындағыларды алдын ала оқшаулау бөлімшелерінің бастықтары, жоғарыда көрсетілген лауазымды адамдардың орынбасарлары мен олардың тапсырмахаттары бойынша басқа адамдар пайдаланады. <*>

Ескерту. 7-тармақ өзгертілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 29 қазандағы N 769 бұйрығымен V011700_ ; ҚР Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 24 мамырдағы N 360 бұйрығымен. V021866_

8. Әрбір тергеу изоляторы жыл сайын Астана, Алматы қалалары ПББ-нің, облыстардағы ПББ-ПБ-нің тарапынан кешенді инспекциялауға жатады. Кешенді

инспекциялаудың нәтижелері Алқада немесе жедел кеңесте қаралады. <*>

Ескерту. 8-тармақ өзгертілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 24 мамырдағы N 360 бұйрығымен . V021866_

9. Әрбір тергеу изоляторында инспекциялаушылардың өз ескертулерін және ұсыныстарын енгізетін тергеу изоляторын инспекциялаушы адамдардың ескертулері мен ұсыныстарының кітабы (N 2 қосымша) жүргізіледі. Инспекциялау немесе тексеру нәтижелері бойынша анықтамалар толтыру кезінде кітапқа белгі қойылады .

10. Тергеу изоляторында заңдылықтың сақталуын қадағалауды Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының Бас прокуроры және оның қарамағындағы прокурорлар жүзеге асырады .

Тергеу изоляторларында ұсталушы сезіктілер мен айыпталушылар өздеріне Заңмен жүктелген міндеттерді және тергеу изоляторында жүріп-тұру ережелерінің (N 1 қосымша) талаптарын бұлжытпай орындауға тиіс. Олардың өз міндеттерін орындамауы белгіленген тәртіпте жауапкершілікке әкеліп соқтырады.

2. Сезіктілер мен айыпталушыларды қабылдау және оларды камераларға орналастыру

11. Тергеу изоляторларына келіп түскен сезіктілер мен айыпталушыларды тергеу изоляторы бастығының кезекші көмекшісі (бұдан әрі "кезекші көмекші") немесе оның орынбасары тәулік бойы қабылдайды, тергеу изоляторына жеткізілген адамды қабылдауға негіз болатын құжаттардың түгелдігін тексереді, аталған адамнан сұрастыру жүргізеді және оның берген жауаптарын жеке ісінде көрсетілген мәліметтермен салыстырады.

12. Тергеу изоляторына қабылдау үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес шығарылған қамау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы прокурордың рұқсаты берілген тергеушінің немесе анықтаушының қаулысы, прокурордың және судьяның қаулысы не соттың қаулысы негізге алынатын құжаттар болып табылады.

13. Тергеу изоляторына 3 жасқа дейінгі баласы бар әйелді қабылдау үшін аталған құжаттардан басқа баланың тууы туралы куәлігі немесе баласы екендігін растайтын басқа құжаттар, ал бұндай құжаттар болмаған жағдайда - қылмыстық істі жүргізуші анықтаушының, тергеушінің, прокурордың немесе соттың жазбаша нұсқауы болуы керек .

14. Тергеу изоляторларына қабылдау үшін негіз болатын құжаттар тиісті лауазымды адамдардың қолымен және елтаңбалы мөрмен бекітілулері тиіс.

Тергеу изоляторларына судьяның не соттың қамау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулысынан үзінді ұсынылған жағдайларда, ол құжатта

осы бұлтартпау шарасы қолданылған адамның жеке басы туралы толық деректер көрсетілген болуы керек. Үзінді лауазымды адамның қолымен куәландырылып, елтаңбалы мөрмен бекітілген болуға тиіс және үш күннен кешіктірілмей қаулының көшірмесімен ауыстырылуға жатады.

15. Транзиттік-қоныс аударылушы адамдар тергеу изоляторына жеке істері бойынша қабылданады және жеткізілуге тиіс орындарға жөнелтіледі.

16. Күзет қамауында ұстау мерзімдері аяқталған адамдар жоспарлы айдауыл тобынан тергеу изоляторларына қабылданғаннан кейін белгіленген тәртіпте тергеу изоляторы бастығының қаулысы бойынша босатылады.

17. Тергеу изоляторы дәрігерінің қорытындысы бойынша шұғыл стационарлық емдеуді қажет ететін адамдар мекемеге қабылданбайды. Қажеттілігіне қарай оларға медициналық көмек көрсетіледі және стационарға жеткізу үшін шаралар қолданылады.

18. Тергеу изоляторларына қабылданған соң күзет қамауына алынған адамдар өздерінің құқықтары мен міндеттері, күзетте ұстау режимі, тәртіп талаптары, ұсыныстар мен арыз-шағымдар беру тәртібі туралы хабардар етіледі. Бұл хабарламаны жазбаша түрде де, ауызша жеткізуге болады.

Алдағы уақытта мұндай хабарлама радио арқылы, камераларды аралау тергеу изоляторының бастығы және ол өкілеттік берген қызметкерлер сезіктілер мен айыпталушыларды жеке қабылданған кездерінде жеткізіліп тұрады.

Сезіктілер мен айыпталушылардағы олардың өтініші бойынша Заңның және осы Ережелердің өздеріне қатысты бөлігінің көшірмесі беріледі. Әрбір камерада мемлекеттік тілде және ресми пайдаланылушы орыс тілінде жазылған тергеу изоляторларында ұсталушы адамдардың негізгі құқықтары және міндеттері туралы ақпараттар қабырғада ілініп қойылады.

19. Айдауылдан қабылданған адамдар есепке алу құжаттарын ресімдеу кезеңінде оқшаулау талаптары сақтала отырып, құрама бөлімшенің камераларына бір тәуліктен аспайтын уақытқа немесе орындықтармен және жасанды жарықпен жабдықталған бір кісілік бөлмеге екі сағаттан аспайтын у а қ ы т қ а о р н а л а с т ы р ы л а д ы .

20. Тергеу изоляторында ұсталатын адамдар тергеу изоляторының қызметкерлері тарапынан сыпайы қатынас талап етуге құқылы. Олармен "сіз" деп сөйлесулері керек және оларды "азамат" немесе "азаматша" және әрі қарай тегімен немесе ретіне қарай "сезікті", "айыпталушы" немесе "сотталған" деп а т а у ы к е р е к .

21. Тергеу изоляторына қабылданған адамдар тәртіп бойынша, келіп түскен күннен бастап бір тәуліктің ішінде алғашқы медициналық куәландырудан және санитарлық тазарудан өтеді. Медициналық куәландырудың қорытындысы медициналық амбулаториялық картаға жазылады. Санитарлық тазарудан

өткеннен және медициналық куәландыру нәтижелерін алғаннан кейін олар төсек жабдықтарын, ал қажет болған жағдайда, белгіленген үлгідегі киім алады. Әскери қызметшінің немесе құқық қорғау органдары қызметкерінің нысанды киімімен келіп түскендердің киімдері міндетті түрде ауыстырылады. Қажет болған жағдайда кәмелетке толмағандардың, қылмыстың аса қауіпті рецидиві бойынша сотталғандардың, ату жазасына кесілгендердің және карцерге қамалғандардың киімдері ауыстырылады. Олардың киімдері алынып, сақтауға т а п с ы р ы л а д ы . < * >

Ескерту: 21-тармақ толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 29 қазандағы N 769 бұйрығымен . V011700_

22. Камералар бойынша орналастыру Заңның 32 бабының талаптарына сәйкес тергеу изоляторы бастығының қолымен бекітілген камераларға орналастыру жоспарының негізінде жүргізіледі. Бір қылмысты іс бойынша немесе өзара байланысты бірнеше іс бойынша сезіктілер мен айыпталушылар бір-бірінен бөлек орналастырылады. Тергеу изоляторының әкімшілігі оларды бір-бірімен байланыс жасатпау үшін шара қолданады.

Сезіктілер мен айыпталушыларды камераларға жедел қызмет жөніндегі қызметкердің келісімімен кезекші немесе оның орынбасары орналастырады, ал кәмелетке толмағандарды, оған қоса тәрбие жұмысы нұсқаушысының келісімімен орналастырылады. Ауру адамдар медицина қызметкерлерінің нұсқауымен орналастырады. Жұқпалы ауруы бар деген күдікті адамдар карантин камераларына орналастырылады. Карантин-мерзімі медициналық айғақтар б о й ы н ш а б е л г і л е н е д і .

23. Жұқпалы аурумен ауыратын немесе ерекше медициналық күтімді және байқауды қажет ететін аурулар басқа сезіктілер мен айыпталушылардан бөлек о р н а л а с т ы р ы л а д ы .

24. Тергеу изоляторларының ауруханалары мен стационарлық медициналық бөлімшелерінде сезіктілер мен айыпталушылар ауру түрлеріне қарай орналастырылады. Ерлер мен әйелдер, ересектер мен кәмелетке толмағандар бір-бірінен бөлек орналастырылады. Ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған деп сезіктелінгендер мен айыпталушылар, аса қауіпті кәнігі қылмыс жасап сотталғандар, сондай-ақ ату жазасына кесілген адамдар оқшауландырылады.

25. Кәмелетке толмағандар әдетте 4-6 адамдық секцияларда немесе жастарына, денесінің жетілуі, педагогикалық бақылаусыздықтарына қарай режимді корпустардың әр қабаттарындағы аз орындық камераларға о р н а л а с т ы р ы л а д ы .

26. Ерекше жағдайларда Заңның 32 бабына сәйкес, алғаш қылмыстық жауапқа тартылушылар, жағымды мінездемесі бар ересек сезіктілер мен айыпталушылар қатарынан іріктеліп алынғандар кәмелетке толмағандармен бір

камераға орналастырылады.

Аз орындық камераларға кәметке толмағандармен бірге мұндай ересектердің бір-екеуі, үш адамнан аспаса жалпы камераларға орналастырыла б е р е д і .

27. Шаруашылық жөнінде қызмет көрсету жұмыстары үшін қалдырылған сотталушылар режимді аймақтың аумағындағы жеке үй-жайға немесе корпустағы оқшауланған секцияның камерасына орналастырылады. Бұл камералар құлыппен жабылмауы да мүмкін.

28. Сезіктілер мен айыпталушылар құлыппен жабылатын жалпы камераларда ұсталады (16-қосымша). Сезіктілер мен айыпталушыларды тергеу изоляторы бастығының дәлелді қаулысы бойынша жеке адамға арналған камераларға орналастыруға төмендегідей жағдайда рұқсат етіледі:

1) Осы Заңның 32 бабында көрсетілген бөлек орналастыру талаптарын орындауды қамтамасыз етудің өзге мүмкіндігі болмағанда;

2) өмір және денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде;

3) күзет қамауындағы адам жеке ұстау жөнінде жазбаша өтініш берген ж а ғ д а й д а ;

4) сезіктілер мен айыпталушыларды егер олар күндіз жалпы камерада ұсталатын болса, түнгі уақытта жеке камераларға орналастыру кезінде;

Сезіктілер мен айыпталушыларды жеке камераларда жоғарыда көрсетілген жағдайлардан басқа бір тәуліктен артық ұстау үшін прокурордың санкциясы (N 4 қ о с ы м ш а) қ а ж е т . < * >

Ескерту: 28-тармақ толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 29 қазандағы N 769 бұйрығымен. V011700_

29. Осы Ереженің 22 тармағында көрсетілген оқшаулау тәртібі күзет қамауындағылардың барлық орын ауыстыруы (серуендеу, еңбек объектісінде санитарлық тазалау жүргізу кезінде тергеу изоляторының аумағында және дәлізде қозғалуы) кезінде қамтамасыз етілуі қажет.

30. Оқшаулауды қамтамасыз ету үшін карцерлердің терезесі қалқан-жалюзбен жабдықталады. Қажет болған жағдайда тергеу изоляторы бастығының өкімі бойынша оқшаулауды күшейту үшін қалқан-жалюздер басқа камералардың терезелеріне де орнатылуы мүмкін.

31. Жүкті әйелдер, қолында үш жасқа дейінгі баласы бар әйелдер жеке режимдік корпустардағы неғұрлым және құрғақ камераларға немесе оқшауланған бөлмелерге орналастырылады.

32. Жүкті әйелдер мен қолында үш жасқа дейінгі баласы бар әйелдер орналастырылған камералардың терезесіне пердесіз темір тор орнатылады.

3. Сезіктілер мен айыпталушыларды суретке түсіру, жеке тінту, дактилоскопияға, суретке түсіру және заттарын тексеруді жүргізу

33. Тергеу изоляторларына түскен сезіктілер мен айыпталушылар толық жеке тінтуден өткізіледі, дактилоскопияға, суретке түсіріледі, ал олардың жеке заттарына тінту жүргізіледі.

34. Сезіктілер мен айыпталушыларды жеке тінту және олардың заттарын тексеру сақтауға және пайдалануға тыйым салынған құралдарды, заттарды және тамақ өнімдерін немесе өзіне тиесілі емес заттарды тауып, алу мақсатында жүргізіледі.

35. Сезіктілер мен айыпталушыларға сақтауға және пайдалануға тыйым салынатын заттарға адам өміріне және денсаулығына қауіп төндіретін заттар мен тағамдар, қылмыс жасау құралы ретінде пайдаланбақ болған немесе күзетте ұстауға қарсыласу мақсатында пайдаланылмақ болған, сондай-ақ күзет қамауындағы адамдардың ұстауына болатын, сәлемдеме, посылка арқылы және ақшасыз есеп айырысу арқылы сатып ала алатын күнделікті қажетті заттар: киім, аяқ киімдер, басқа да өндірістік тауарлар тізіміне (N 2 қосымша) кіргізілмеген немесе белгіленген мөлшерден асып кеткен тамақ өнімдері, аяқ киімдер және басқа өндіріс заттары кіреді.

36. Жеке тінту толық және жартылай болады. Сезіктілер мен айыпталушылар тергеу изоляторларына келген кезде, одан сырт жерге жөнелтілер алдында, карцер камерасына немесе бір кісілік орынға қамалар алдында, сондай-ақ басқа да жағдайларда тергеу изоляторы бастығының немесе орынбасарының нұсқауымен жеке тінтуден өтеді.

Толық тінту кезінде тінтілушінің денесі, оның киімдері, аяқ киімдері, сондай-ақ протезі мұқият тексеріледі. Сезіктілер мен айыпталушыларға толық шешініп, денесінің тиісті жерін көрсету ұсынылады. Пластырлы жапсырма, гипс және басқа да байлауыштар медицина қызметкерімен бірге тексеріледі. Киімге тігілген заттар табылған жағдайда, матасы сөгіледі. Аяқ киім болса оның жапсырмасы, темір тағалары суырылып алынады.

Сезіктілер мен айыпталушыларға тек осы Ережемен белгіленген өзімен алып жүруге болатын және камерада сақтауға болатын заттар мен тамақ өнімдері ғана қалдырылады. Сезіктілер мен айыпталушыларға қалдырылған олардың жеке заттары мен құралдары камера карточкаларына жазылады. Басқа құралдары, заттары және тамақ өнімдері сақталып қойылуға алынады немесе тергеу изоляторы бастығының қаулысы бойынша жойылып, тиісті акт жасалады.

37. Жартылай тінту сезіктілер мен айыпталушыларды тергеу изоляторынан тыс жерге алып шыққанда (саусағының таңбасын алуға, дәрігерге, тергеушіге алып шыққанда, туыстарымен және басқа да адамдармен кездестіру алдында және кейін, басқа камераға ауыстыру кезінде т.б.) жүргізіледі. Жартылай тінту сезікті мен айыпталушыны шешіндірмей-ақ киімін және аяқ киімін қарап, саусақпен басып көру арқылы жүргізіледі.

38. Сезіктілер мен айыпталушыларды жеке тінтуді онымен жынысы бір тергеу изоляторының қызметкері жүргізеді. Толық тінту кезінде қарсы жынысты адамның қатысуына болмайды, тек қажет болған жағдайда медицина қызметкерінің қатысуына болады.

39. Сезіктілер мен айыпталушылардың заттарын тексеру олар тергеу изоляторына түскен кезде, одан сырт жерге жөнелтілерде, басқа камераға, медициналық стационарға ауыстырылғанда немесе карцерге қамаларында өзінің қатысуымен жүргізіледі. Кезектен тыс жағдайда тергеу изоляторының бастығының немесе оның орынбасарының нұсқауы бойынша сезіктілер мен айыпталушылардың заттары иесінсіз тексеріледі.

40. Сезіктілер мен айыпталушыларды толық жеке тінту мен олардың заттарын тексеру хаттамамен ресімделеді, оған қоса тыйым салынған тамақ өнімдері мен заттардың алынғаны туралы акт тіркелінеді. Толық тінту мен заттарды тексеру қатар жүргізілген жағдайда бір хаттамамен ресімделеді. Хаттамаға сезіктінің немесе айыпталушының және жеке тінту жүргізген тергеу изоляторы қызметкерінің қолдары қойылады. Сезіктілер мен айыпталушылардың хаттамаға қол қоюдан бас тартуы және оның тінту немесе заттарын тексеру кезіндегі талаптары хаттамада жазылады. Хаттама мен акт жеке іске тіркеледі. Толық жеке тінту немесе заттарды тексеру туралы күзет қамауындағы адамның камералық карточкасында тінту мен заттарын тексерушінің тегі мен тексерілген күні көрсетіліп белгіленеді.

41. Жартылай жеке тінту жүргізілгенде алынған тыйым салынған заттар мен тамақ өнімдері туралы рапорт жазылады.

42. Сезіктілер мен айыпталушыларға жеке тінту жүргізгенде тыйым салынған заттар мен тамақ өнімдерін табуға техника құралдарын пайдалануға болады. Рентген аппаратурасы тек сезіктілер мен айыпталушылардың заттарын тінтіп тексеруге ғана пайдаланылады.

4. Сақтауға және пайдалануға тыйым салынған құралдарды, заттарды және азық-түліктерді сезіктілер мен айыпталушылардан алып қою

43. Сезіктілер мен айыпталушылардан сақтауға қабылданған немесе одан алынған ақшасы өзінің жеке есеп-шотына салынады. Қымбат мүліктер (қымбат металдар және одан жасалған бұйымдар, қымбат тастар, інжу және одан жасалған бұйымдар, әртүрлі, әр маркалы сағаттар, бағалы қағаздар, валюта) тергеу изоляторының қаржы бөліміне (кассасына) тапсырылады. Жеке құжаттары (паспорт, жеке басын куәландыратын құжаты және басқа) тергеу изоляторының арнайы бөліміне сақтауға тапсырылады. Пайдалануға және сақтауға тыйым салынған құралдар, заттар және тамақ өнімдері мекеменің қоймасына тапсырылады немесе жойылады.

44. Сақталуға келіп түскен немесе сезіктілер мен айыпталушылардан алынған

қымбат мүліктерге белгіленген үлгіде үш данамен акт толтырылады. Бірінші данасы сезіктілер мен айыпталушылардың қолына беріледі, екінші данасы қаржы бөліміне беріледі, ал үшінші данасы жеке істе сақталады.

45. Сезіктілер мен айыпталушылардан алынған немесе сақталуға қабылданған ақша немесе қымбат мүліктер туралы тергеу изоляторы әкімшілігі өндірісінде қылмыстық іс тұрған органға оның сұратуы бойынша хабарлайды.

46. Сезіктілер мен айыпталушылардың басқа құралдары мен заттары және тамақ өнімдері тергеу изоляторы бастығының тағайындаған комиссиясының жасаған актісі бойынша сақтауға қабылданады. Акт үш данамен толтырылады. Актінің бірінші данасы күзет қамауындағы адамның қолына беріледі, екінші данасы қоймада сақталады, ал үшінші данасы күзет қамауындағы адамның жеке ісінде сақталады.

47. Сезіктілер мен айыпталушылардан алынған және сақтауға қабылданбаған заттар мен тамақ өнімдерін жою тергеу изоляторы бастығының дәлелденген қаулысы бойынша аталған адамның қатысуымен комиссиялық түрде іске асырылады, бұл туралы акт жасалады.

Тыйым салынған құралдар, оның ішінде: заттар және тамақ өнімдері, спиртті ішімдіктер немесе спирт негізінде дайындалған тамақтар, оларды дайындауға арналған өнімдер; есірткілер (оларды тарату фактісі бойынша қылмысты іс қозғаудан басқа жағдайда) және оларды пайдалануға арналған құралдар; өрттен қауіпті құралдар мен заттар, тергеу изоляторы медициналық қызметкерінің қорытындысы бойынша арналған мақсатқа қолдануға жарамсыз деп табылған дәрі-дәрмектер; ойын карталары; эротикалы, парнографиялық немесе зорлықты насихаттайтын графикалы, баспадан шыққан, фото және бейне өнімдері; пайдалануы адам өміріне және денсаулығына қауіп төндіретін немесе сақталуын тергеу изоляторында қамтамасыз ету мүмкін емес, сақтауға ерекше жағдайды қажет ететін; пайдалануын немесе құрамын анықтауға келмейтін немесе өзінің алғашқы тұтынушылық маңызын жоғалтқан және N 2 қосымшаға кірмейтін тамақ өнімдері мен басқа да заттар жойылуға жатқызылады.

48. Сезіктілер мен айыпталушылардың күзетте ұсталынуы кезінде одан ақша немесе қымбат мүлік табылған немесе алынған әрбір Факті бойынша олардың қайдан пайда болғанын және нақты иесін анықтау үшін тексеру жүргізіледі.

49. Сезіктілер мен айыпталушылардан табылған және алынған бөтен құралдар, заттар мен тамақ өнімдері өз иелеріне қайтарылады.

Егер алынған құралдардың, заттардың және тамақ өнімдерінің иелері анықталмаса, ақша, бағалы қағаздар және қымбат мүліктер тергеу изоляторының қаржы бөлімі арқылы тарату және тиісті бюджет кірісіне енгізу үшін салық органдарына тапсырылады.

50. Сезіктілер мен айыпталушылардың өтініші бойынша және қылмысты іс

өндірісінде болған адамның немесе органның келісімімен тергеу изоляторында сақталуда жатқан құралдар, заттар және тамақ өнімдері сезіктілердің немесе айыпкерлердің туыстарына немесе басқа адамдарға берілуі мүмкін.

51. Күзет қамауындағы адам қайтыс болған жағдайда оның сақталуда жатқан ақшалары, қымбат мүліктері, басқа да құралдары, заттары және тамақ өнімдері **з а ң м е н** **б е л г і л е н г е н** тәртіппен мұрагерлеріне беріледі.

5. сезіктілер мен айыпталушыларды материалдық-тұрмыстық қамсыздандыру

52. Сезіктілер мен айыпталушылар жеке пайдалануы үшін мына заттармен **қ а м т а м а с ы з** **е т і л е д і :**

- 1) жатар орынмен (Заңның 22 бабына сәйкес)
- 2) төсек қажеттерімен: матрац, жастық, көрпемен;
- 3) төсек жабдығымен: екі жаймамен, жастық тысымен;
- 4) **о р а м а л м е н ;**
- 5) асхана ыдыстарымен және асхана құралдарымен; табакпен, кружкамен, **қ а с ы қ п е н ;**
- 6) жыл уақытына сай киіммен (өзінікі болмаған жағдайда);
- 7) тергеу изоляторының кітапханасынан кітап-журналдармен.

Аталған заттар күзет қамауында ұсталатын мерзімде уақытша беріледі.

53. Мына заттар камераларда жалпы пайдалану үшін белгіленген нормаларға сәйкес және ондағы адамдардың санына қарай есептеліп беріледі:

- 1) **ш а р у а ш ы л ы қ с а б ы н ы ;**
- 2) гигиеналық мақсатта қолданылатын қағаз;
- 3) **г а з е т т е р ;**
- 4) стол ойындары: дойбылар, шахматтар, домино, нардалар;
- 5) камераны жинауға арналған құралдар;
- 6) тігін инелері, қайшы, тамақ өнімдерін тұрайтын пышақ (әкімшіліктің бақылауымен сезіктілер мен айыпталушыларға қысқа мерзімге берілуі мүмкін).

Балалы әйелдер бала күтіміне қажет құралдарды алады.

54. Тергеу изоляторларының камералары мыналармен жабдықталады:

- 1) стол және орындықтармен және камерадағы орындар бойынша отырғызу **о р ы н д а р ы м е н ;**
- 2) **с а н и т а р л ы ұ я м е н ;**
- 3) **с у ы б а р к ұ б ы р к р а н ы м е н ;**
- 4) электр құралдарын қосатын розеткалармен;
- 5) **а з ы қ - т ү л і к ш к а ф ы м е н ;**
- 6) **с ы р т қ ы к и і м і л г і ш т е р і м е н ;**
- 7) қажетті заттарға арналған сөрөмен;

- 8) қабырғаға бекітілген айнамен;
- 9) ауыз суға арналған ыдыспен;
- 10) жалпы мемлекеттік бағдарламамен құлақтандыратын радиодинамикамен;
- 11) әкімшілік өкілін шақыратын кнопкамен;
- 12) қоқысқа арналған ыдыспен;
- 13) күндізгі және түнгі жарықбергіштермен;
- 14) қосымша ақылы қызмет көрсетілген жағдайда желдеткіш жабдығымен, сондай-ақ тұрмыс құралдарымен;
- 15) балалы әйелдер жататын камераларда балалардың кереуеттерімен;
- 16) кір жуатын және гигиеналық қажеттілікке керек ыдыспен;

55. Камерада су ысытатын құралдар немесе су құбырында ыстық су болмағанда кір жууға және гигиеналық мұқтаждылыққа қажет ыстық су және қайнаған су белгіленген уақытта қажет мөлшерде беріледі.

56. Лица, заключенные под стражу, содержащиеся в камерах и карцерах, не имеющих санитарных узлов выводятся в туалет для оправки покамерно два раза в сутки (утром - после подъема и вечером перед отходом ко сну). В камерах и карцерах, где нет санитарных узлов, устанавливаются специальные баки с крышками, прикрепленными к ним. < * >

Ескерту: 56-тармақтың қазақша ресми аудармасы болмағандықтан мәтін орысша беріліп отыр.

57. Сезіктілер мен айыпталушыларға аптасына бір рет 15 минуттан кем емес уақытқа душта жуынатын мүмкіндік беріледі. Апта сайын душта шомылғаннан кейін төсек жабдықтары ауыстырылады.

58. Сезіктілер мен айыпталушыларға өздерінде болмағанда олардың өтінішімен белгіленген уақытта аптасына кемінде екі мәрте қырынатын құралдар беріледі.

59. Стол ойындары он адамға бір комплектіден немесе ішінде он адамнан кем болмаса бір камераға бір комплектіден беріледі.

60. сезіктілер мен айыпталушыларға олардың өтініші бойынша ұсыныс, өтініш, шағым жазуға жазу құралдары (қағаз, шарикті қалам) беріледі.

61. Тергеу изоляторының кітапханасынан газеттер келіп түсуі мөлшері бойынша он адамға бір газет немесе егер ішінде он адамнан кем болмаса бір камераға бір газеттен беріледі.

62. Тергеу изоляторының кітапханасынан кітап және журнал айырбастау аптасына бір мәрте жүргізіледі. Кітапхана абонементін пайдалану ережесін тергеу изоляторының бастығы бекітеді.

63. Сезіктілер мен айыпталушыларға күзетте ұсталу кезінде төмендегідей келтірген зияндығы үшін материалдық жауапкершілік жүктеледі:

- 1) заңмен қарастырылған тәртіппен және мөлшерінде жұмыс міндетін

атқаруда келтірген зиянына орай;

2) заңмен қарастырылған тәртіппен және мөлшерінде басқа іс-әрекетімен мемлекетке келтірген зиянына орай.

64. Материалдық зиян келтірген кінәлілерді анықтау үшін тергеу изоляторының әкімшілігі тексеру жүргізеді, оны тергеу изоляторының бастығы тағайындайды және ол зиян келтірілген фактіні анықтаған күннен бастап бір айдан кешіктірмей аяқталуы тиіс.

65. Тексеру барысында материалдық жауапкершілік басталатын кездің жағдайлары, келтірілген зиянның нақты мазмұны және мөлшері немесе материалды жауапкершілікке негіздің жоқтығы анықталады. Тексеру жүргізу кезінде міндетті түрде шығын келтірген адамнан жазбаша түсінік алынуы керек. Ол адам жазбаша түсініктеме беруден бас тартқан жағдайда бұл жайлы тексеру материалдарында қамтылып көрсетіледі.

66. Шығынның мөлшерін тергеу изоляторы бастығының қызметтік тексеру нәтижесіне орай шығарылған мөрі қаулысының негізінде анықталады. Қаулы шығын келтірген күзет қамауындағы адамға оқылып, одан қолхат алынады. Шығын күзет қамауындағы адамның жеке есеп шотындағы ақшадан өндіріледі.

Сезіктілер мен айыпталушылардың өтініші бойынша ол келтірген шығынның орнын оның туыстары немесе басқа адамдар өз келісімдерімен толтыруларына б о л а д ы .

67. Күзет қамауындағы адамның жеке есеп шотында ақша болмаған жағдайда , сондай-ақ тергеу изоляторында шығынның орны толық толтырылмаған болса, ол адамды қылмыстық жазасын бас бостандығынан айыру түрінде өтейтін мекемеге жіберер кезде одан шығынның өтемін ұстап қалу туралы қаулы оның тұрып жатқан жеріне жіберіледі, ол жерде өндірілмеген шығынды сотталған адамның жеке есеп шотына түскен қаржыдан аталған мекеменің әкімшілігі ө н д і р і п а л а д ы .

68. Тергеу изоляторы бастығының келтірілген шығынды өндіріп алу жөніндегі қаулысына лауазымды қызметкерге, прокурорға немесе сотқа шағым жазуға болады. Берілген шағым шығынның орнын толтыруын тоқтатпайды. Шағым қанағаттандырылған жағдайда бұрынғы ұсталынған сомалары күзет қамауындағы адамның жеке есеп шотына аударылады.

69. Күзет қамауындағы адам босатылған жағдайда орны толтырылмаған материалдық шығынды соттың шешімімен өндіруге болады.

70. Тергеу әкімшілігінің кінәсімен сезіктілер мен айыпталушыларға келтірілген шығын заңға сәйкес өндіріледі.

6. сезіктілер мен айыпталушылардың тамақ өнімдерін, сондай-ақ күнделікті қажет құралдарын сатып алуы

71. Сезіктілер мен айыпталушылар тамақ өнімдерін, күнделікті қажет құралдарын және басқа сақтауға, пайдалануға тыйым салынбаған өндіріс тауарларын ақшасыз есеп айырысу арқылы тергеу изоляторының дүкенінен (ларегінен) немесе тергеу изоляторында дүкен (ларек) болмаған жағдайда, басқа сауда орындарынан сатып алады.

72. Тергеу изоляторының дүкенінде (ларекте) сатылуға рұқсат етілген тамақ өнімдерінің, күнделікті қажет құралдардың және өндіріс тауарларының ассортименті тізбемен белгіленеді (N 2 қосымша). Күзет қамауындағы адамның тауар алуға жұмсайтын ақшасының мөлшері шектелмейді.

73. Бір адамға берілетін тамақ өнімдерінің және басқа да тауарлардың мөлшерін, ассортиментін саны және салмағын тергеу изоляторының әкімшілігі сатып алушы сұранымын қолдағы тауардың саны және тауардың жергілікті сауда торабындағы бір адамға босатылатын шегін ескере отырып белгілейді. Сатып алынған тауардың босатылуы айына екі реттен кем болмауы керек.

74. Сезіктілер мен айыпталушыларға дүкенге (ларекке) бару үшін тыйым салынады. Дүкендегі (ларектегі) бар тауарлардың ассортименті және олардың құны күзет қамауында ұсталатын адамдардың назарына жеткізіліп отырады.

75. Тамақ өнімдері, күнделікті қажет заттар және өндіріс тауарларын сатып алғысы келетін адамдар тергеу изоляторы бастығының атына белгіленген үлгіде өтініш жазып, жеке есеп шотында ақшасы бар екендігі туралы көрсетілген ақша квитанциясымен бірге әкімшілік өкіліне тапсырады. Дүкен (ларек) қызметкері тауар сатып алғысы келген күзет қамауындағы адамның жеке есеп шотында ақшасының бар-жоғын қаржы бөлімінен тексереді. Сатып алынған тауарлар камераларға таратылып, қолхат арқылы беріледі.

76. Егер тауар әперілген адамның жеке есеп шотында ақша қалса, оған тиісті белгі қойылған түбіртегі қайтарылады, ал егер қалдық ақша болмаса түбіртегі өтінішке тіркеледі. Жұмыс күнінің соңында дүкен (ларек) қызметкері аванс есебін жасап, оны өтінішпен бірге жеке есеп шоттағы ақшаны жазу үшін қаржы бөліміне тапсырады.

77. Тергеу изоляторында дүкен (ларек) болмаған жағдайда тергеу изоляторынан тыс жерде орналасқан сауда нүктесінен тауар сатып алу үшін, сезіктілер мен айыпталушылар ондағы қызметкерге талап етілген ақша сомасын өз есебінен алуға мекеменің қаржы бөлімінің кассасындағы өзінің жеке есеп шотынан алуына, белгіленген тәртіппен куәландырылған сенімхат береді. Берілген ақша өз есебіне алынған адамның есебінен авансты есеп және өтініш берушіге сатып алынған азық-түлік және күнделікті қажет заттар берілгенін дәлелдейтін құжат негізінде шығарылады. Тергеу изоляторының әкімшілігі сезіктілер мен айыпталушылардың тамақ өнімдері және күнделікті қажет заттарын сатып алуға жұмсаған ақшасы туралы оның жеке ісінде белгілейді.

7. Сезіктілер мен айыпталушыларға арналған сәлемдемелерді, посылкаларды қабылдау және беру

78. Сезіктілер мен айыпталушыларға арналған сәлемдемелерді қабылдау және беру тергеу изоляторының осы мақсатта жабдықталған арнайы орнында жүргізіледі. сезіктілер мен айыпталушыларға сәлемдеме мен посылканың салмағы пошта ережесімен қарастырылған мөлшерден аспаса алуға шек келтірілмейді. Сәлемдеме мен посылка жеткізушілердің кезектесуі тәртібімен беріледі. сезіктілер мен айыпталушылардың өзінде ұстауына, сақтауына, сәлемдемемен алуына және ақшасыз есеп айырысу арқылы сатып алуына болатын тамақ өнімдерінің, күнделікті қажет заттардың, аяқ киімдердің, киімдердің және басқа өндіріс тауарларының тізбегі мемлекеттік және ресми қолданылатын орыс тілінде сәлемдеме қабылдайтын бөлмеде ілінеді.

79. Сәлемдемені жеткізген адам белгіленген үлгіде екі дана өтініш жазып, қолын қояды. Өтініштің екі данасы, сәлемдеме, сондай-ақ сәлемдеме жеткізген адамның төлқұжаты немесе жеке басын куәландыратын құжаты тергеу изоляторының қызметкеріне беріледі.

80. Сәлемдеменің түгендігін және салмағын өлшеп тексеру оны жеткізген адамдардың қатысуымен жүргізіледі. Төлқұжат немесе жеке басын куәландыратын құжат сәлемдемені салыстырып тексергеннен кейін қайтарылып беріледі.

81. Тергеу изоляторының қызметкері сәлемдемені алғаннан кейін жеткізушіге жеке құжаттарын және өтініштің бірінші данасын қабылдағаны жайлы қолын қойып қайтарады, ал екінші данасын күзет қамауындағы адамның алғаны туралы қолы қойылғаннан кейін оның жеке ісіне тіркейді. Бұл адамның анықтама карточкасында сәлемдеменің қабылданғаны туралы белгі қойылады. Күзет қамауындағы адам өтінішке қол қоюдан бас тартқан жағдайда бұл жайлы өтініште тиісті белгі қойылады. Сәлемдеме мен посылканың салмағы және салынған заттардың тізбегі арнайы журналға тіркеледі, содан кейін тиесілі адамға беріледі.

82. Сәлемдемелер төмендегі жағдайда қабылданбайды және кері қайтарылады :

1) күзет қамауындағы адам күзеттен босатылғанда немесе ол тергеу изоляторынан үш тәуліктен артық уақытқа шығарылған жағдайда;

2) күзет қамауындағы адам қайтыс болғанда;

3) күзет қамауындағы адамның өзіне арналған сәлемдемені өз қолымен алуына немесе ішіндегі затты керегіне жаратуға мүмкіндігі болмаса;

4) сәлемдеме салмағы белгіленген мөлшерге сай келмесе;

5) сәлемдемені жеткізген адам төлқұжатын немесе жеке басын куәландыратын құжатын көрсетпесе;

б) сәлемдемені қабылдауға арналған өтініш дұрыс жазылмаса;

7) күзет қамауындағы адам өзіне арналған сәлемдемені қабылдаудан жазбаша түрде бас тартса.

83. Тергеу изоляторында немесе ауруханада емделу курсынан өтіп жатқан сезіктілер мен айыпталушыларға келген сәлемдемелерді қабылдарда емдеуші дәрігердің кепілдемесі ескеріледі.

84. Сәлемдемелерді ашып анықтауды тергеу изоляторының құрамы үш адамнан кем емес комиссиясы жүзеге асырады, сол бойынша акт жасалады. Актіде мыналар көрсетіледі: тамақ өнімдерінің, заттардың атаулары мен тізбегі, олардың сыртқы пішіні, сапасы, одан нақты алынғаны немесе сақтауға тапсырылғаны көрсетіледі. Актіге комиссия мүшелерінің қолдары қойылып, сезіктілер мен айыпталушыларға хабарланып, қолхат алынады және оның жеке ісіне қосылады.

85. Сәлемдемелерден және посылкалардан табылған күзет қамауындағы адамдардың сақтауына немесе пайдалануына тыйым салынған құралдар, заттар және азық-түліктер сәлемдемені жеткізген адамға қайтару себебі көрсетіліп, қайтарылып беріледі де, сезіктелушінің немесе айыпталушының қатысуымен сақтауға беріледі немесе жойылады. Ақшалары оның есеп шотына аударылады.

86. Тергеу изоляторында ұсталушы адамдарға тыйым салынған заттарды заңсыз бергені үшін сәлемдемені жеткізуші немесе посылканы жіберуші адамдарға қатысты заңмен қарастырылған жағдайда қылмыстық жауапкершілікке немесе әкімшілік жауапкершілікке тартуға материалдар рәсімделеді.

87. Осы Ереженің 7.5. тармағының "а", "б", "в", "ж" тармақшаларында көрсетілген жағдайда посылка жөнелтушіге қайтарылады. Посылка пошта арқылы үстеме төлеммен "кері қайтарылады" деген таңбамен қайтарылады.

88. Карцерде отырған қамалушының атына келіп түскен сәлемдеме және посылка сақтау үшін қоймаға тапсырылады және сезіктілер мен айыпталушыларға карцерде отыру мерзімі аяқталғаннан кейін тапсырылады.

89. Сезіктілер мен айыпталушылардың туыстарына немесе басқа адамдарға сәлемдемелердің орнына тергеу изоляторының қаржы бөлімі арқылы дүкендерде (ларектерде) бар тамақ өнімдерін, күнделікті заттарды және басқа өндіріс тауарларын кейін сезіктілер мен айыпталушыларға табыс ету үшін олардың құнын төлеуге мүмкіншілік береді. Мұндай жағдайда туысы немесе басқа адам тергеу изоляторының қаржы бөліміне екі данамен өтініш жазып, онда тамақ өнімдерінің және басқа да тауарлардың санын және салмағын, өзінің төлемек болған бағасын көрсетеді және қажетті соманы төлейді. Күзет қамауындағы адам сатып алынған товарды қабылдап алғаннан кейін өтініштің бірінші данасы оның қойған қолымен тауардың құнын төлеген төлеушіге қайтарылып, ал екінші

данасы жеке ісіне тіркеледі. Анықтама картотекасына тиісті белгі қойылады.

90. Тергеу изоляторы әкімшілігі сәлемдеме мен посылка ішіне салынған заттардың сақталуын қамтамасыз етеді, алайда көп уақыт сақталу салдарынан табиғи бұзылуын, сондай-ақ тексеру нәтижесінде тауарлық бейнесінің жойылуын жауапкершілігіне алмайды.

91. Сәлемдеме немесе посылка қабылданған күннен бастап күзет қамауындағы адамға бір тәуліктен кешіктірілмей, ал оның уақытша болмаған кезінде ол қайтып оралғасын табыс етілуі тиіс.

8. Сезіктілер мен айыпталушылардың жеделхаттарды, хаттарды, ақша аударымдарын алуы және жөнелтуі

92. Сезіктілер мен айыпталушыларға туыстарынан және басқа адамдардан айына екі рет қана хаттар мен жеделхаттар алуына және жіберуіне рұқсат етіледі.

93. Сезіктілер мен айыпталушылардың хат жазысуы тек тергеу изоляторы арқылы олардың өз есебінен, өндірісінде қылмыстық іс бар адамның немесе органның рұқсатымен жүзеге асырылады және прокурор мен сотқа арналған хаттан басқалары цензураға жатқызылады.

94. Сезіктілер мен айыпталушылар пошта қажеттерін (конверттер, маркілер, жеделхат бланкілерін) тергеу изоляторының дүкенінен (ларегінен) сатып алады.

95. Сезіктілер мен айыпталушылардың хаттарын және толтырылған жеделхат бланктерін күн сайын әкімшілік өкілі қабылдайды. Хаттар тек қана желімделмеген конвертте қабылданады, онда жөнелтушінің тегі, аты-жөні және тергеу изоляторының пошта мекен-жайы көрсетіледі, қабылданады. Толтырылған жеделхат бланкісіне күзет қамауындағы адамның тергеу изоляторының бастығының атына жеделхаттың төлемін өтеуге жеке есеп шотынан ақша алынуын сұрап жазған өтініші тіркеледі. Өтініш ақша квитанциясымен бірге әкімшілік өкіліне тапсырылады.

96. Қаржы бөлімінің қызметкері жеделхат жібермекші болған күзет қамауындағы адамның жеке есеп шотында ақша бар екенін тексеріп және поштамен жөнелтілер заттың құнын есептей келіп, одан қажетінше ақша бөледі.

97. Жеделхат жөнелтілгеннен кейін күзет қамауындағы адамға пошта түбіртегі, ал жеке есеп шотында ақшасы болса оған сәйкес белгі қойылған ақша квитанциясы тапсырылады. Егер есеп шотта ақша қалмаса ақша түбіртегі өтінішке тіркеледі. Жеделхат жөнелтуші адамның өтініші пошта квитанциясын алғаны туралы қолхатымен бірге оның жеке ісіне тіркеледі.

Сезіктілер мен айыпталушылардан тапсырысты және бағалы хаттар, сондай-ақ ақшалай аударымын жөнелткенде дәл осындай тәртіп талап етіледі.

98. Аталған мекеме әкімшілігі сезіктілер мен айыпталушылардан жеделхат немесе хат қабылданған сәттен бастап оларды жөнелткенге дейін, сондай-ақ

тергеу изоляторына жеделхат немесе хат келіп түскен сәттен оларды адрес иесіне тапсырғанға дейін жеделхат пен хаттардың сақталуына жауап береді, хат алмасудағы құпиялылықты қамтамасыз етеді.

99. Күзет қамауындағы адамның атына келіп түскен хаттарды, жеделхаттарды тапсыру, сондай-ақ оның хаттарын адрес иесіне жөнелтуді тергеу изоляторының әкімшілігі мереке күндерінен басқа күндері, хаттың келіп түскен немесе оны күзет қамауындағы адамның тапсырған күнінен бастап үш күн мерзім ішінде жүзеге асырады. Хатты мемлекеттік немесе ресми қолданылатын орыс тіліне аудару қажет болғанда хатты тапсыру мерзімі аударма жасауға қажет болған уақытқа ұзартылады. Күзет қамауындағы адамға жақын туысының өлімі немесе ауыр науқасы туралы хабар алынысымен, кешіктірілмей хабарланады.

100. Куәлерге, жәбірленулершіге арналған, сондай-ақ ішінде қылмыстық іс бойынша қорлау, қорқыту, кек алу, қылмыс жасауға немесе басқа тәртіп бұзушылыққа шақыру, тергеу изоляторының күзеті, оның қызметкерлері жайлы ақпараттар, тыйым салынған заттарды беріп жіберу тәсілдері және қылмыстық іс бойынша шындықты анықтауға кесірін тигізетін, қылмыс жасауға септік ететін басқа да мәліметтер бар құпия жазбамен, мемлекеттік немесе басқа да заңмен қорғалған құпиялар шифрленіп жазылған хаттар мен жеделхаттар адрес иесіне тапсырылмайды және өндірісінде қылмыстық іс бар адамға немесе мекемеге т а п с ы р ы л а д ы .

101. Сезіктілер мен айыпталушылардың барлық корреспонденциялары келіп түскен және жөнелтілген уақыты көрсетіліп, арнайы журналға тіркеледі.

102. Сезіктілер мен айыпталушыларға арналған ақша пошта арқылы тергеу изоляторының мекен-жайына аударылып, олардың жеке есеп шотына салынады. Күзет қамауындағы адамның жеке есеп шотынан ақша алып аудару үшін, олар тергеу изоляторы бастығының атына дәлелді өтініш жазады. Ақша күзет қамауындағы адамның жеке есеп шотындағы қаржыдан пошта арқылы аударылады.

9. Күзет қамауындағы қамауындағы адамдардың ұсыныс, өтініш және шағым жолдауы

103. Әкімшілік өкілдері күн сайын камераларды аралап, күзет қамауындағы адамдардың жазбаша және ауызша ұсыныстарын, өтініштерін және шағымдарын қабылдайды. Ұсыныстарға, өтініштерге және шағымдарға берілген жауаптар сезіктілер мен айыпталушыларға хабарланады және хабарланғаны туралы қолхат алынып, ол жеке ісіне тіркеледі.

104. Ауызша түрде қабылданған ұсыныстар, өтініштер және шағымдар журналға жазылады және осыған рұқсат беруге жауапты адамға баяндалады.

105. Тергеу изоляторы әкімшілігіне арналған жазбаша ұсыныстар, өтініштер және шағымдар журналда тіркеледі және тергеу изоляторының бастығына

баяндалады, ол рұқсат беру жөнінде шешім қабылдайды. Мұндай мүмкіншілік болмаған жағдайда сезіктілер мен айыпталушыларға тиісті түсініктемелер беріледі.

106. Прокурорға немесе сотқа жолданған ұсыныстар, өтініштер және шағымдар желімделген конвертте қабылданады және цензураға жатқызылмайды. Оларды ашуға қатаң тыйым салынады. Келіп түсулеріне орай олар кешіктірілмей адрес иесіне жолданады.

107. Мемлекеттік органдарға жолданған ұсыныстар, өтініштер және шағымдар тергеу әкімшілігінің талқылауынан өтуге және ол қабылданған уақытынан бастап бір тәуліктен кешіктірілмей арналған жеріне жөнелтілуі тиіс.

108. Егерде өтініш пен шағымда қылмыстық іспен байланысы жоқ, тергеу изоляторы әкімшілігінде шешілетіндей заңды талаптар мен ұсыныстар болса, онда олар сезіктілер мен айыпталушылардың келісімімен адрес иесіне жіберілмейді. Мұндай жағдайда әкімшілік шағымда және өтініште талап етілген мәселелерді шешу үшін шара қолданады және оның қорытындысы туралы күзет қамауындағы адамды хабарландырады.

Егер әкімшілік шағымда, өтініште талап етілген мәселелерді шешуге құзыретті болмаса немесе автор оларды адрес иесіне жіберуді табанды талап етсе, олар арналған жеріне жіберіледі.

Мұндай жағдайда тергеу изоляторының әкімшілігі өтініш пен шағымға талап етілген мәселелерге тікелей байланысты берген түсініктемелері мен атқарған шаралары туралы баяндалған хат тіркейді.

Ұсыныстардың, шағымдардың және өтініштердің ішінде қылмысты іс бойынша ақиқатты ашуға кедергі болатын немесе қылмыстың жасалуына септігін тигізетін, ішінде мемлекеттік немесе басқа да заңмен қорғалған құпиялар құпия жазумен, шифрмен жазылған мәліметі бар болса онда ол адрес иесіне жіберілмейді және өндірісінде қылмыстық іс бар адамға немесе органға жіберіледі.

109. Егер ұсыныста, өтініште және шағымда аталған мәселелерді адрес иесінің шешуіне құқығы немесе құзыреті болмаса, онда күзет қамауындағы адамдарға тиісті түсініктеме беріледі. Егер автор оларды адрес иесіне жіберуді табанды талап етсе, олар арналған адреске жіберіледі.

110. Шағым мен кассациалы шағымнан басқа, осы Ереженің 9.4. тармағында аталған ұсыныстар, өтініштер мен шағымдар жөнелтушінің есебінен жіберіледі. Күзет қамауындағы адамның жеке есеп шотында ақшасы болмағанда шығын (жеделхаттан басқа) тергеу изоляторы есебінен өтеледі.

10. Сезіктілер мен айыпталушылардың діни салттарды атқаруы

111. Сезіктілер мен айыпталушылар діни салттарды камерада, ал мүмкіндік болса тергеу изоляторындағы осы мақсатқа арнайы жабдықталған, діни

конфессияның дәстүрлеріне сай бөлмелерде атқарады.

112. Осы Ережені және күзет қамауындағы адамның құқығын бұзатын діни салттарды атқаруға жол берілмейді.

113. Сезіктілер мен айыпталушыларға өзінде ұстауға және пайдалануға діни кітаптарға, жеке пайдаланылатын, денеге тағылатын немесе қалтаға салып жүретін діни табыну заттарына, шаншығыш-кескіш құралдардан, қымбат тастардан, металл бұйымдарынан немесе табиғи және мәдени құндылығы бар заттардан басқа заттарға рұқсат етіледі.

114. Өндірісінде қылмыстық іс бар органның немесе адамның рұқсатымен және өтінішімен сезіктілер мен айыпталушыларға рухани көмек көрсету үшін тергеу изоляторына дін қызметшісін шақыртуға болады.

Дін қызметшісінің қызметіне ақы сезіктілер мен айыпталушылардың жеке есеп шотындағы қаржы есебінен төленеді.

11. Сезіктілер мен айыпталушыларды еңбекке тарту

115. Сезіктілер мен айыпталушылардың жұмысы тек тергеу изоляторы аумағында, камераларда, өндіріс алаңдарында, шеберханаларда және жөндеу-құрылыс жұмыстарында ұйымдастырылады. Сонымен бірге белгіленген оқшаулау талаптарының және заңмен белгіленген сезіктілер мен айыпталушыларды жеке орналастыру ережесінің, сондай-ақ азаматтық және еңбек заңдарының, жұмыс өндірісі кезінде техника қауіпсіздігі ережелерінің орындалуы қамтамасыз етіледі.

116. Сезіктілер мен айыпталушылар тергеу изоляторының арнаулы бөлімдеріндегі, фотолабораториялардағы, радиотрансляциялық жүйедегі жұмыстарға, сондай-ақ инженерлік-техникалық күзет құралдарын, дабыл және байланыс, транспорт құралдарының барлық түрлерін және көбейткіш аппаратураларды жөндеумен және пайдаланумен байланысты жұмыстарға жіберілмейді.

117. Жұмыс істеуге ықылас білдірген сезіктілер мен айыпталушылар тергеу изоляторы бастығының атына өтініш жазады, ол оны үш күннің ішінде қарап және тиісті шешім қабылдауға міндетті. Айыпталушыны мекемеде жұмысқа орналастыру мүмкіншілігі болмағанда, оған тиісті түсініктеме беріледі. Айыпталушылардың еңбекақысы заңмен көрсетілген ұсталымдардан кейін олардың жеке есеп шотына аударылады.

118. Тергеу изоляторының әкімшілігі барлық ниет білдірген айыпталушыларды жұмысқа тарту мүмкіншіліктерін қарастыруы тиіс.

12. сезіктілер мен айыпталушылардың отбасылық-құқықтық қатынастарға және азаматтық-құқықтық істерге қатысуы

119. Сезіктілер мен айыпталушылардың некеге тіркелуін осы тергеу изоляторы орналасқан аумаққа қызмет көрсететін АХАЖ мекемесі тергеу

и з о л я т о р ы н д а

ж ү р г і з е д і .

120. Күзет қамауындағы адаммен некеге тұрғысы келетін адам тергеу изоляторына өзі тұратын жердің немесе тергеу изоляторы орналасқан жердің АХАЖ мекемесі куәландырылған өтінішін, сондай-ақ өндірісінде қылмыстық іс бар адамның немесе органның күзет қамауындағы адамның аталған адаммен кездесуіне берген рұқсатын әкеліп береді.

Некеге тіркеу туралы өтініш келіп түскенде тергеу изоляторы әкімшілігі оны күзет қамауындағы адамға өзіне қатысты бөлігін толтыру үшін береді. Өтінішке жетіспейтін мәліметтер кіргізілгеннен кейін тергеу изоляторының әкімшілігі өтініште көрсетілген мәліметтер мен күзет қамауындағы адамның жеке ісіндегі құжаттарын салыстырады. Күзет қамауындағы адамның қолының түпнұсқасы және көрсетілген мәліметтердің дұрыстығы тергеу изоляторы бастығының қолымен куәландырылады және мекеменің мөрі басылып, содан кейін әкімшілік бірлескен некеге тіркелу өтініштерін тергеу изоляторы орналасқан жердегі АХАЖ мекемесіне жібереді. Күзет қамауындағы адамның жеке ісінде оның отбасы жайлы мәліметтердің дұрыстығын дәлелдейтін құжаттар болмаса, онда оларды туыстары берулері керек.

121. Егерде күзет қамауындағы адам некеге тұрғысы келсе, ол тергеу әкімшілігіне жазбаша түрде өтініш береді. Тергеу изоляторы орналасқан жердегі АХАЖ-ның некеге рұқсаты және өндірісінде қылмыстық іс бар органның немесе адамның кездесуге рұқсаты болса, изолятор әкімшілігі күзет қамауындағы адамды белгіленген үлгідегі некеге тұру туралы бланкпен оның есебінен қамтамасыз етеді. Күзет қамауындағы адам өтініштің өзіне қатысты бөлігін толтырғаннан кейін, тергеу изоляторының әкімшілігі өтініште көрсетілген мәліметтерді күзет қамауындағы адамның жеке ісіндегі құжаттармен салыстырып, оның қолын, сондай-ақ өтініште көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын куәландырады. Күзет қамауындағы адамның жеке ісінде оның отбасы жайлы мәліметтердің дұрыстығын куәландыратын құжаттар болмағанда оларды туыстары берулері керек. Содан кейін тергеу изоляторының әкімшілігі бұл өтінішті күзет қамауындағы адаммен некеге тұру ниеті бар адамға жібереді. Сонымен қатар аталған адамға тергеу изоляторы орналасқан жердегі некеге тіркейтін АХАЖ-ның атауын және мекеменің мекен-жайын хабарлайды.

122. Мұндай өтініш алған адам некеге тұруға келісетін болса, онда оның өзіне қатысты бөлігін толтырады және өтініштегі қойылған қолдар мен көрсетілген мәліметтерді куәландыру үшін өзі тұратын жердегі АХАЖ-ға тапсырады, содан кейін өтінішті өзіне тергеу изоляторы хабарлаған АХАЖ мекемесіне жібереді.

123. Некеге тіркеу некеге отырушылардың қатысуымен тергеу изоляторында жүргізіледі. Аталған адамдардың жағынан куәлардың жалпы саны екі адамнан а с п а у ы к е р е к .

124. Некеге тіркеу төлемі және көлік шығыны некеге отырушылардың есебінен өткеріледі.

125. Тәртіптік жазасын карцерде өтеп жатқан күзет қамауындағы адаммен некеге тіркелу оның бұл жазасын өтегеннен кейін ғана жүзеге асуға тиіс.

126. Тергеу изоляторының әкімшілігі өндірісінде қылмыстық іс бар адамның немесе органның рұқсаты болса некеге тіркелгеннен кейін күзет қамауындағы адамды белгіленген тәртіп бойынша жұбайымен (ерімен) кездестіруге міндетті.

127. Некені бұзу үшін күзет қамауындағы адам сотқа немесе кәмелетке толмаған балалары жоқ жұбайлардың бірдей келісімі болса АХАЖ мекемесіне өтініш береді.

128. Сезіктілер мен айыпталушылар егерде заңға немесе осы Ережеге қайшы келмеген жағдайда басқа да отбасылық-заңдылық қатынастарға қатысуға құқылы.

129. Азаматтық-құқықтық мәмілені жүзеге асыру үшін күзет қамауындағы адам белгіленген үлгіде сенімхат жазады, оны Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің К941000_152-бабына сәйкес тергеу изоляторының бастығы куәландырады.

Тергеу изоляторының әкімшілігі күзет қамауындағы адамды өтініші бойынша оның өз есебінен сенімхат бланкілерімен жабдықтайды және қажет болғанда оны толтыруды түсіндіреді. Сенімхат арналып жазылған адамға өндірісінде қылмыстық іс бар адам немесе орган арқылы беріледі немесе жолданады.

130. Күзет қамауындағы адамнан сенімхат алғысы келетін азаматтар, тергеу изоляторының әкімшілігінің жеке қабылдауына өтініш әкеледі немесе оны пошта арқылы жібереді.

13. сезіктілер мен айыпталушылардың газеттерге және журналдарға жазылуын жүргізу

131. Айыпталушыларға Қазақстан Республикасының байланыс бөлімшелері арқылы таратылатын газеттер мен журналдарға жазылуға құқық беріледі.

132. Жазылу үшін айыпталушы тергеу изоляторы бастығының атына өтініш жазады. Жазылуға ниет білдірген адамға, оның өз есебінен абонемент және тасымалдау карточкасының бланктері беріледі.

133. Жазылуды тергеу изоляторының қызметкері оның жеке есеп шотындағы қаржыдан оның өз есебінен байланыс бөлімшесінде жүргізеді.

134. Жазылуды басқа мекен-жайға ауыстыру жазылушының жазбаша өтініші бойынша, тергеу изоляторы әкімшілігінің рұқсатымен оның өз есебінен жүзеге асырылады.

135. Айыпталушының басылымдарға жазылуын оның туыстары немесе басқа адамдар да жүзеге асыруына болады.

136. Жазылуға болатын басылымдардың саны шектелмейді.

14. Сезіктілер мен айыпталушыларды медициналық-санитарлық қамсыздандыру

137. Сезіктілер мен айыпталушылар тергеу изоляторына келіп түскен кезде үш күн ішінде: хирург, терапевт, фтизиатр, психиатр, дермато-венеролог дәрігерлердің міндетті медициналық тексеруінен, сондай-ақ флюорографиялық және лабораториялық тексерулерден өтеді. Медициналық тексеруден өтпегендер басқа сезіктілер мен айыпталушылардан бөлек ұсталады.

Медициналық тексерудің нәтижесі күзет қамауындағы адамның медициналық-амбулаториялық картасында белгіленеді.

138. Сезіктілер мен айыпталушылар тергеу изоляторының медицина қызметкері күнделікті камераларды аралаған кезде одан медициналық көмек сұрап өтініш жасайды, ал кенеттен қысылып ауырған жағдайда тергеу изоляторы қызметкерінің қайсысына болса да өтініш жасайды.

Күзет қамауындағы адам өтініш жасаған қызметкер оған медициналық көмек көрсету үшін шара қолдануға міндетті.

139. Сезіктілер мен айыпталушыларға амбулаториялық көмек камераларда, басқа бөлмелерде, сондай-ақ тергеу изоляторының медициналық бөлімінің мамандандырылған кабинеттерінде көрсетіледі. Дәрі-дәрмектер дәрігердің белгілеген мөлшерінде әркімге қолхат арқылы бөлінеді. Мөлшерден артық дәрі-дәрмектер тек ерекше жағдайларда беріледі.

140. Тергеу изоляторының медицина бөлімдерінің жанынан стационарлық бөлімшелер ұйымдастырылады. Сезіктілер мен айыпталушыларға тергеу изоляторында жедел немесе арнайы медициналық көмек көрсету мүмкін болмағанда, олар стационарлық емдеу үшін белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы азаматтардың денсаулығын сақтау саласында жетекшілік ететін уәкілетті орталық атқарушы органның медициналық мекемесіне немесе Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің жақын жердегі мамандандырылған медициналық түзеу мекемесіне орналастырылады. <*>

Ескерту: 140-тармақ өзгертілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 29 қазандағы N 769 бұйрығымен. V011700_

141. Сезіктілер мен айыпталушылар жарақат алған жағдайда оның өтініші бойынша және әкімшіліктің ынтасымен (бір тәуліктен кешіктірілмей) оған тергеу изоляторының медицина қызметкері медициналық куәландыру жүргізеді. Медициналық куәландырудың нәтижесі күзет қамауындағы адамның медициналық-амбулаторлық картасында белгіленеді және жәбірленушіге хабарланады. Қажет болған жағдайда медициналық жәрдем көрсетіледі.

142. Күзет қамауындағы адам жарақат алған жағдайда Заңның 23 бабына сәйкес медициналық куәландыруды Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласында жетекшілік ететін уәкілетті орталық атқарушы

органның медициналық мекемесінің қызметкері мынандай жағдайларда жүргізуі мүмкін :

- 1) тергеу изоляторы бастығының шешімі бойынша;
- 2) қадағалаушы прокурордың нұсқауы бойынша;
- 3) өндірісінде қылмыстық іс бар адамның немесе органның шешімі бойынша;
- 4) жарақат алған күзет қамауындағы адамның мәлімдемесі бойынша;
- 5) жарақат алған күзет қамауындағы адамның қорғаушысының мәлімдемесі бойынша .

< * >

Ескерту: 142-тармақ өзгертілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 29 қазандағы N 769 бұйрығымен . V011700_

143. Қазақстан Республикасы азаматтардың денсаулығын сақтау саласында жетекшілік ететін уәкілетті орталық атқарушы органның медицина мекемесі қызметкерлері медициналық куәландыру жүргізулері үшін жарақат алған адам немесе оның қорғаушысы тергеу изоляторы бастығының атына өтініш береді. Өтініш бір тәуліктің ішінде қаралуға тиіс. Күзет қамауындағы адамның немесе оның қорғаушысының мәлімдемесі бойынша Қазақстан Республикасы азаматтардың денсаулығын сақтау саласында жетекшілік ететін уәкілетті орталық атқарушы органның медицина мекемесінің қызметкерлері жүргізген медициналық куәландыруы күзет қамауындағы адамның жеке есеп шотындағы бар қаржыдан төленеді. Мұндай куәландыру жүргізуден бас тартылған жағдайда қадағалаушы прокурорға шағым беруге болады. <*>

Ескерту: 143-тармақ өзгертілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 29 қазандағы N 769 бұйрығымен . V011700_

15. Сезіктілер мен айыпталушылардың күнделікті серуендеулерін ұйымдастыру

144. Сезіктілер мен айыпталушылардың күнделікті серуендеуді пайдалану уақыты бір сағаттан, ал кәмелетке толмағандардікі екі сағаттан кем болмауы тиіс . Серуеннің уақыты тергеу изоляторының бастығы ішкі тәртіпті, ауа райын, мекеменің адамдармен толығуын және басқа жағдайларды ескере отырып тағайындайды. Жүкті әйелдердің және қолында үш жасқа дейінгі баласы бар әйелдердің серуені үш сағатқа дейін ұзартылады.

145. Сезіктілер мен айыпталушыларға серуендеу уақыты тәуліктің жарығы басымырақ кезінде беріледі. Әр камерада ұсталушыларды серуенге шығару уақыты жылжымалы кестемен белгіленеді.

146. Серуен арнайы серуен ауласында жүргізіледі. Серуен ауласы орындықтармен және жаңбырдан қорғайтын шатырмен жабдықталады. Серуен кезінде кәмелетке толмағандарға денешынықтыру жаттығуларына және спорттық ойындарға мүмкіншілік беріледі. Балалы әйелдерге арналған аулалар

көгалдандырылады және құмсалғышпен жабдықталады.

147. Сезіктілер мен айыпталушылар серуенді мезгілінен бұрын тоқтату үшін серуенге жауапты адамға өтініш жасауына болады, ол тергеу изоляторының бастығына немесе оның орынбасарына баяндалады. Аталған лауазымды адам өтініштің мәні бойынша шешім қабылдайды.

16. Сезіктілер мен айыпталушылардың қорғаушыларымен, туыстарымен және басқа адамдармен кездесуін өткізу

148. Сезіктілер мен айыпталушыларға туыстарымен және басқа адамдармен кездесу өндірісінде қылмыстық іс бар адамның немесе органның жазбаша рұқсаты негізінде беріледі. Рұқсат бір рет кездесуге ғана жарамды.

Кездесуге берілген жазбаша рұқсатта ол кімге және қандай адамдармен кездесуге берілгені көрсетілуі тиіс. Күзет қамауындағы адаммен кездесуге бір мезгілде екі ересек адамға ғана рұқсат беріледі.

149. Өндірісінде қылмыстық іс бар адамның немесе органның жазбаша рұқсаты негізінде, сондай-ақ жеке басты куәландыратын құжаттар негізінде тергеу изоляторының бастығы немесе оның орынбасары кездесуге рұқсат етіп, жазбаша нұсқау береді және кездесу уақытын жалпы кезекке байланысты белгілейді, содан кейін кездесу өткізуді ұйымдастыру үшін кезекші көмекшіге ә м і р б е р е д і .

150. Кездесу жалпы кезек тәртібімен беріледі. Кездесуді бастар алдында оған келген адамдарға кездесу кезіндегі тәртіп сақтау ережелері хабарланады және белгіленген тәртіп бұзылған жағдайда кездесудің тоқтатылатыны жайлы ескерту ж а с а л а д ы .

151. Кездесуге оның жеке басын анықтайтын құжатсыз немесе мас күйінде келген, сондай-ақ рұқсат қағазында көрсетілмеген адамдарға рұқсат берілмейді. Кездесуге рұқсат берілмеу себебі кездесуге келген адамға жарияланады.

152. Сезіктілер мен айыпталушылардың туыстарымен және басқа адамдармен кездесуі тергеу изоляторы қызметкерінің бақылауымен осы мақсатқа арнайы жабдықталған, қандай да бір құрал бергізбейтін, екі адам арасын бөліп тұратын, бірақ көзбе көз жүздесуге тосқауыл болмайтын қабырға арқылы жүргізіледі.

Сезіктілер мен айыпталушылардың кездесуге келгендермен тіл қатысуы бетпе-бет немесе сөйлесу құралдары арқылы іске асырылады және оны тергеу изоляторы қызметкерінің тыңдап отыруы мүмкін.

153. Күзет қамауындағы адамның қорғаушысымен кездесуі жұмыс уақытында, оңаша өткізіледі және олардың арасында бөлгіш қабырға болмайды, кездесудің саны мен ұзақтығына шек қойылмайды. Кездесу тергеу изоляторы қызметкерінің күзет қамауындағы адамның және қорғаушының бет жүзін көре алатындай, бірақ сөздері естілмейтіндей жағдайда жүргізіледі.

154. Іске қорғаушы есебінде қатысатын басқа адамның күзет қамауындағы

адаммен кездесуіне қылмыстық процесті жүргізуші жеке адамдар мен органдарға қылмыстық-іс жүргізу заңдылықтарының нормаларына сай қылмыстық іске қатысуға рұқсат берілген құжаты, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжаты бар болса ғана рұқсат беріледі.

155. Іске қорғаушы есебінде қатысатын адвокатқа - ол заң кеңесінің ордерін көрсеткенде; кәсіптік одақ немесе басқа қоғамдық ұйымның қорғаушы болып табылатын өкіліне - қоғамдық бірлестіктің тиісті шешімін көрсеткенде; іске қорғаушы ретінде қатысатын басқа адамдарға - сот анықтамасын, соттың, тергеушінің немесе анықтаушының қаулысын көрсеткенде күзет қамауындағы адаммен кездесуіне рұқсат беріледі.

156. сезіктілер мен айыпталушылармен кездесуге рұқсат алған адамдарға тергеу изоляторы бастығының немесе оның орнындағы адамның рұқсатынсыз тергеу изоляторына техникалық байланыс құралдарын, компьютерлерді, киноға, суретке түсіретін, дыбыс және бейнелеу және көбейткіш аппаратураларын алып кіруге және оларды кездесу кезінде пайдалануға тыйым салынады.

157. Кездесуді мезгілінен бұрын тоқтатуға төмендегідей жәйттер негіз болады :

1) кездесуге келген адамдар кездесуді өткізуге жауапты тергеу изоляторы қызметкерінің заңды талаптарын орындамаса;

2) күзет қамауындағы адамға қандай да бір құралдар, заттар, тамақ өнімдерін бермекші болса немесе одан алмақшы болса;

3) қылмыстық іс бойынша ақиқатты ашуға кедергі болатын, қылмыс жасауға немесе басқа да құқық бұзушылыққа септігін тигізетін мәліметтер бермекші болса ;

4) кездесуге келген адамдар өзара байланыс үшін шартты дабылдарды, шифр немесе мәлімет берудің басқа құйтұрқы әдістерін пайдаланса.

158. Кездесу дереу тоқтатылған жағдайда оны өткізуге жауапты тергеу изоляторының қызметкері тергеу изоляторы бастығына кездесуді тоқтатудың себептерін атап көрсетіп, жазбаша түрде баяндайды.

159. Сезіктілер мен айыпталушылармен кездесу қысқа мерзімге тоқтатылғанда (карантинге байланысты, ерекше жағдай кестесін енгізгенде және басқа жағдайда) тергеу изоляторының бастығы бұл туралы тергеу изоляторында заңның сақталуын қадағалайтын прокурорға, тиісті сот және тергеу органдарына хабарлайды, келген адамдар үшін қабылдау бөлмесіне хабарлама ілінеді.

17. Сезіктілер мен айыпталушылардың тергеу әрекеттеріне және сот отырыстарына қатысуларын қамтамасыз ету

160. Тергеу изоляторы әкімшілігі қылмыстық іс жүргізуші соттардың, прокурорлардың, тергеушілердің, анықтаушылардың жұмыс уақытында тергеу изоляторына кедергісіз кірулерін және тергеу істерін жүргізу үшін күзет

қамауындағы адамдарды шақырту бойынша жеткізіп отыруды қамтамасыз етеді.

161. Сезіктілер мен айыпталушыларды шақыртып алу құқығы осы қылмыстық істің жүргізілуін қадағалаушы прокурорға, оданда жоғары лауазымды прокурорға, осы істің жүргізілуіне және анықталуына жетекшілік етуші лауазымды адамдарға жіберіледі.

162. Кезекші ауысымның кезекшілікті қабылдап-тапсыру кезеңінде (бір сағаттан аспау керек), ішкі тәртіп кестесіне сәйкес тамақ ішетін уақытта (таңертеңгі, түскі, кешкі ас), сондай-ақ түнгі мезгілде (кешкі сағат 22-ден келесі күнгі таңғы сағат 6-ға дейін), Қазақстан Республикасы Қылмыстық-іс жүргізу кодексінде Z970208_ қаралғандағыдан басқа жағдайда күзет қамауындағы адамдарды кездесу үшін және шақырту бойынша камерадан шығаруға тыйым салынады. Аталған мерзімдерде шақырту бойынша шыққан күзет қамауындағы адамдар камераларға қайтуы керек.

163. Тергеушінің, анықтама жүргізушінің, прокурордың немесе соттың (судьяның) нұсқауы бойынша тергеу изоляторы аумағында тергеу жүргізу, амбулаторлық соттық-психиатрлық және басқа да сараптама жасау үшін оның әкімшілігі төмендегідей жәйттерге міндетті:

- 1) жабдықталған бөлме беруге;
- 2) күзет қамауындағы адамды алып келуге және оның күзетін қамтамасыз етуге;
- 3) тергеу ісіне қатысу үшін тартылған басқа адамдардың тергеу изоляторына кірулеріне рұқсат беруді қамтамасыз етуге;
- 4) күзет қамауындағы адамның мекеменің қоймасында сақталуда жатқан немесе оның пайдаланып жүрген мүлкін тінтуге, оған арест салуға.

164. Сезіктілер мен айыпталушылар тергеу изоляторы әкімшілігінен қолда сақтау үшін мына құжаттарды қолхат арқылы алады: айыптау қорытындысының көшірмесі; тергеушіні, қорғаушыны, сотты ауыстыру туралы хабарлама; Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің басқа бабы бойынша қылмыстық іс қозғау туралы қаулы; үкімнің немесе сот ұйғарымының көшірмесі.

165. Істі кассациялық инстанциялардың қарайтыны туралы хабарлама; күзетте ұстаудың мерзімін ұзарту туралы хабарлама; бір органнан екінші органға ауыстырылғаны туралы хабарлама сезіктілер мен айыпталушыларға хабарланғанда қолхат алынып, ол жеке іске тіркеледі.

166. Сезіктілер мен айыпталушылар тергеу ісіне немесе сот отырысына қатысу үшін тергеу изоляторының аумағынан сырт жерге жіберілерде ыстық тамақ алуға тиісті. Олар жыл мезгіліне сай киініп, сыртқы бейнесі ұқыпты болуы

керек. Қажет болған жағдайда аталған адамдар құрғақ тамақпен қамтамасыз етіледі.

18. Тергеу изоляторында ұсталатын адамдарға көтермелеу және жазалау шараларын қолдану тәртібі

167. Көтермелеу және жазалау шаралары қамауға алынған, тергеу изоляторында ұсталатын барлық адамдарға қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды қамауда ұстаудың тәртібі және шарттары туралы Заңда көзделген тәртіпте қолданылады. Көтермелеу шаралары ретінде:

- 1) бұрын қолданылған шараны мерзімінен бұрын алып тастау;
- 2) кәмелетке толмаған сезіктілер мен айыпталушыларға спорт сабақтарына арналған жайларға қосымша баруға, сондай-ақ уақытын пайдаланудың басқа да нысандарына рұқсат беру қолданылуы мүмкін.

168. Карцерге қамау түріндегі шара тергеу изоляторы бастығының дәлелді қаулысы (N 12 қосымша) бойынша қолданылады. Жазалауды қолдану туралы бұйрықтар, қаулылар жазаланушыға қолхатын алу арқылы жарияланады. Бұйрықтың көшірмесі немесе одан үзінді, қаулы тексеру материалдарымен бірге сол адамның жеке ісіне қосылады.

Ауызша жарияланғандардан басқа барлық көтермелеудер мен жазалауларды корпус бойынша аға қызметкер камералық карточкаларға енгізеді және тәрбие бөлімі жүргізетін қамауға алынған адамдарды жазалаулар мен көтермелеулерді есепке алу кітабында (N 13 қосымша) есепке алады. Сонымен қатар, кезекші карцерге қамалған адамдардың есебін карцерге қамалған адамдарды есепке алу кітабында жүргізеді.

169. Карцерге қамау арқылы жазаланғандарға мұқият тінту жүргізіледі және олар карцерлерге бекітілген киімдерді киеді.

Карцерге қамалған адамның тергеушіге немесе сотқа шақырылуы, сондай-ақ тергеу изоляторынан уақытша кетуі оны қолданылған жазаны әрі қарай өтеуден босатпайды. Бұл жағдайда тергеу изоляторында ұзақтығы бір тәуліктен астам болмаған уақыты карцерде ұсталу мерзіміне есептелмейді.

Карцерге қамалған адамды санитарлық өңдеу ол шараны өтегеннен кейін, ал дәрігердің (фельдшердің) нұсқауы бойынша оның карцерде ұсталу кезеңінде де жүргізіледі. Дәрігердің (фельдшердің) сырқаттанғанды карцерден мерзімінен бұрын босату қажеттілігі туралы нұсқауы дереу орындауға жатады.

Карцерлер сипаттамаға (N 14 қосымша) сәйкес жабдықталады.

19. сезіктілер мен айыпталушыларды тергеу изоляторы бастығының немесе оның уәкілінің жеке қабылдауы

170. Сезіктілер мен айыпталушыларды тергеу изоляторының бастығы немесе оның уәкілі демалыс және мереке күндерінен басқа уақытта күн сайын жұмыс уақытында жеке қабылдайды.

171. Сезіктілер мен айыпталушыларды тергеу изоляторы бастығынан басқа оның орынбасарлары және кесте бойынша бөлім бастықтары да жеке қабылдайды, бұл туралы сезіктілер мен айыпталушыларға хабарланады, қажет болғанда аталған лауазымды адамдар сезіктілер мен айыпталушыларды қосымша кестеден тыс уақытта да қабылдайды.

172. Сезіктілер мен айыпталушыларды жеке қабылдауға жазуды тергеу изоляторы қызметкерлері күн сайын камераларды аралаған кезде жүзеге асырады. Қабылдау туралы тергеу изоляторы бастығының атына жазбаша өтініш беріледі немесе ауызша айтылады және берген уақытына қарай кезек тәртібімен жеке қабылдау журналына тіркеледі, күзет қамауындағы адамның қандай лауазым иесінің қабылдауында болғысы келетіні атап көрсетіледі.

173. Қабылдау өтініш беруіне және жеке қабылдау журналындағы реттік номеріне қарай кезек тәртібімен жүргізіледі. Қабылдау аяқталған соң журналда оның нәтижесі жазылып қойылады, ал, жеке қабылдауды сұраған өтінішінде ол туралы белгі қойылады. Өтініш күзет қамауындағы адамның жеке ісіне тігіледі.

174. Тергеу изоляторының бастығы, оның орынбасарлары немесе бөлім бастықтары сезіктілер мен айыпталушылардың туыстарын немесе басқа адамдарды жеке қабылдауды келушілер бөлмесінде ілініп тұратын кесте бойынша тергеу изоляторының қабылдау бөлмесінде жүзеге асырады. Азаматтардың жеке қабылдауға жазылуы да осы бөлмеде жүргізіледі. Аталған лауазымды қызметкерлер қажет болған жағдайда азаматтарды олардың өтініштері бойынша белгіленген кестеден тыс уақытта да қабылдайды.

175. Сезіктілер мен айыпталушылардың туыстарын және басқа адамдарды жеке қабылдаудың нәтижелері арнайы журналда белгіленеді.

20. Тергеу изоляторында өлген адамдар денелерінің берілуі

176. Тергеу изоляторының әкімшілігі күзет қамауындағы адамның өлімі туралы оның жеке ісінде көрсетілген туыстарына, осы факт бойынша тексеру жүргізетін прокурорға, сондай-ақ өндірісінде қылмыстық іс бар адамға немесе органға дереу хабарлайды.

Егер өлген адамның туыстары тергеу изоляторы орналасқан қалада тұрмаса хабар телеграф арқылы жіберіледі.

Шетел азаматтарының өлімі туралы Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына, Сыртқы істер министрлігіне, Ішкі істер министрлігіне және Ұлттық қауіпсіздік комитетіне дереу хабарланады. Сонымен қатар бас бостандығынан айыру орындарында заңның қолданылуын қадағалайтын прокурорға, сондай-ақ өлген адам азаматы болып саналатын мемлекеттің еншілігіне немесе өкілдігіне жазбаша түрде хабарланады.

177. Күзет қамауында өлген адамның денесі алуды талап еткенге дейін, бірақ

жеті тәуліктен асырылмай немесе өкілетті органның өлім фактісі бойынша тексеруді аяқтағанға дейін денсаулық сақтау органының жақын жердегі емдеу мекемесіндегі мәйітханаға тапсырылады. Өлген адамның денесін алуға оның туыстарының айрықша құқығы бар. Олар болмағанда немесе денені алудан бас тартса, ол дене беруді талап еткен адамға беріледі.

178. Өлген адамның денесі беруді талап еткен адамның жазбаша өтініші бойынша өндірісінде қылмыстық іс бар адамның немесе органның рұқсатымен беріледі. Өлген адамның денесін алу үшін төлқұжатын немесе жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуі керек.

179. Өлген адамның туыстарына немесе басқа адамдарға өлгені туралы куәлік алу үшін қайда бару керектігі түсіндіріледі. Жерлеу жабдықтарымен өлген адамның денесін беруді талап еткен адам қамтамасыз етеді. Жерлеу оның есебінен жүзеге асырылады.

180. Егерде өлген адамның туыстары немесе басқа адамдар денені алуға уақытында келе алмаса, олар бұл туралы хабарлауға тиіс және денені белгіленген уақыттан артық сақтау төлемақысын төлеуге тиіс.

181. Күзет қамауындағы өлген адамның денесі белгіленген мерзімде талап етілмесе мемлекет есебінен жерлеуге беріледі.

21. Сезіктілер мен айыпталушыларды және айыпталушыларды күзетте ұстаудан босату

182. Соттың тиісті шешімі немесе тергеушінің, анықтау органының, прокурордың қаулысы бойынша сезіктілерді немесе айыпталушыларды күзетте ұстаудан босатуды тергеу изоляторының бастығы жүзеге асырады.

183. Тергеу изоляторының бастығы күзет қамауындағы адамды қамау мерзімі өтуіне дейін 24 сағаттан кешіктірмей тәртіп бойынша өндірісінде қылмыстық іс бар органды немесе адамды, сондай-ақ прокурорды жазбаша түрде хабардар етеді.

184. Егер бұлтартпау шаралары ретінде қамауға алудың заңмен белгіленген уақыты өтуі бойынша күзет қамауындағы адамды босату туралы шешім, немесе бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу мерзімін ұзарту туралы немесе бұл шешім туралы хабарлама келіп түспесе, тергеу изоляторының бастығы оны өзінің қаулысымен босатады.

185. Босату соттың тиісті шешімін, тергеушінің, анықтау органының немесе прокурордың қаулысын алғаннан кейін келесі күннің бірінші жартысында немесе күзет қамауында ұстау мерзімі өтіп кетуіне байланысты прокурордың, өндірісінде қылмыстық іс бар органның немесе адамның хабарламасы елеусіз қалғанда жүргізіледі.

186. Күзет қамауындағы адамды нақты босатуға дейін тұтқынға ұстау мерзімін ұзарту туралы хабар түскен жағдайда тергеу изоляторының бастығы

өзінің қаулысын бұзады және бұл туралы прокурорды хабарландырады.

187. Күзет қамауындағы адам тұтқыннан босағанда оған жеке құжаттары, заттары, жеке есеп шотында сақтаулы ақшалары, сондай-ақ оның тұтқындалу мерзімі және босатылу негіздері көрсетілген анықтама беріледі.

188. Тұтқыннан босаған күзет қамауындағы адамның жеке есеп шотында тұратын мекеніне теміржолмен, автокөлікпен немесе судағы транспортпен жетуіне қажет, жол үстіндегі азығына, киіміне және жыл мерзіміне сай аяқ киіміне жетерлік ақша сомасы болмаса, ол тергеу изоляторы бастығының атына себебін айтып өзін қажеттіліктермен қамтамасыз етуін сұрап, өтініш жазады. Мекеме басшысы тұтқыннан босаған адамға тұратын мекеніне жететін жол ақысының құнына, тамағына, киіміне және жыл мезгіліне сай аяқ киіміне төлеу үшін ақша беру.

Қазақстан Республикасы Ішкі іс министрінің
қылмыстық-атқару жүйесі Комитеті

Приложение N 1
К Правилам внутреннего распорядка
следственных изоляторов Министерства
внутренних дел Республики Казахстан <*>

**РҚАО-ның ескертуі: N 1 қосымшаның қазақша ресми аудармасы
болмағандықтан орысша мәтінді қараңыз .**

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
тергеу изоляторларының
ішкі тәртіп ережесіне

N 2 қосымша

Сезіктілер мен айыпталушылардың жүріп-тұру ережелері

1. Тергеу изоляторларында ұсталушы сезіктілер мен айыпталушылардың
м і н д е т т е р і :

- 1) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі тергеу изоляторының ішкі тәртіп Ережелерімен және заңмен белгіленген күзетте ұстау тәртібін сақтау;
- 2) тергеу изоляторы әкімшілігінің заңды талаптарын орындау;
- 3) гигиена және санитария талаптарын сақтау;
- 4) күнделікті серуенге шығу;
- 5) өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау;
- 6) тергеу изоляторының мүліктеріне ұқыпты қарау;
- 7) кезекшілік тәртіппен камераларды және басқа жайларды жинау;
- 8) тергеу изоляторы қызметкерлерінің, сезіктілер мен айыпталушылардың, сондай-ақ басқа да адамдардың намысын қорлайтын әрекеттер жасамау;

9) тергеу изоляторының қызметкерлеріне, сондай-ақ күзетте ұстау тәртібін қамтамасыз етуші басқа адамдардың қызметтік міндеттерін атқаруға бөгет болмау ;

10) өз өміріне және басқа адамның денсаулығына қауіп төндіретін қасақана әрекеттер жасамау ;

11) белгіленген ішкі тәртіпті сақтау;

12) өзара және тергеу изоляторы қызметкерлерімен сөйлескенде сыпайы болу ;

13) тергеу изоляторының қызметкеріне "Сіз" деп тіл қату және оларды " азамат" немесе "азаматша" деп және әрі қарай шеніне немесе лауазымына қарай " азамат бастық" деп атау ;

14) камераға тергеу изоляторының қызметкері кіргенде олардың әмірімен орнынан тұру және көрсетілген орында тізіліп тұру;

15) сырт пішінін ұқыпты ұстау;

16) айдауылмен жүргенде немесе тергеу изоляторының қызметкерлеріне ілесіп жүргенде қолдарын артына ұстау;

17) тергеу изоляторы қызметкерлерінің, басқа да лауазымды адамдардың талабы бойынша өзінің аты-жөнін және тегін айту;

18) тыныштықты сақтау ;

19) камерада кезек тәртібімен кезекшілік атқару.

2. Камера кезекшісінің міндеттері:

1) камераға тергеу изоляторының қызметкері кіргенде камерада отырған сезіктілер мен айыпталушылардың саны туралы баяндау;

2) камера инвентарының, жабдықтардың және басқа да мүліктердің сақталуын бақылау ;

3) камерада ұсталушы сезіктілер мен айыпталушылар үшін ыдыстар алуға және оны беру ;

4) камераның тазалығын бақылау;

5) камераның еденін сыпыру мен жуу, камераның сантехникалық торабын тазалау, серуен соңында серуендеу ауласын жинау;

б) ауыз суға арналған ыдысты жуу.

3. Сезіктілер мен айыпталушыларға тыйым салынатын жағдайлар:

1) сақтауға және пайдалануға тыйым салынған құралдарды, заттарды және тамақ өнімдерін сәлемдемелермен және посылкалармен алу, оларды өзімен бірге ұстауға ;

2) басқа камерадағы сезіктілер мен айыпталушылармен немесе тергеу изоляторының басқа жайларындағы адамдармен сөйлесуге, қандайда бір заттарды беруге, олармен хат алысуға немесе тықылмен белгі білдіруге;

3) сөйлесудің белгіленген тәртібін бұзуға, еркіндікте жүрген немесе бас

бостандығынан айыру орнында жазасын өтеп кеткен адамдарға қандайда бір заттар беруге және олармен хат алысуға;

4) әкімшіліктің рұқсатынсыз камерадан және басқа режимді корпустан шығуға ;

5) тергеу изоляторы объектілерінің күзет желісін бұзуға;

6) алкогольді ішімдіктер дайындауға және ішуге, есірткі және психотроптық заттарды пайдалануға ;

7) материалдық және басқа табыс табу мақсатымен стол ойындарын ойнауға;

8) өздеріне немесе басқа адамдарға татуировка қондыруға;

9) әкімшіліктің рұқсатынсыз жатақ орнын ауыстыруға және бүркемелеуге;

10) қолдан жасалған электр құралдарын пайдалануға;

11) әкімшіліктің рұқсатынсыз электр құралдарын пайдалануға;

12) камерада от жағуға ;

13) жануарлар ұстауға ;

14) әкімшіліктің рұқсатынсыз сантехника, жарықбергіш және басқа құралдарды жөндеуге немесе камера жарығын өзгертуге;

15) камерадағы сантехникалық тораптарды бітеп тастауға;

16) камераның қабырғасынан тергеу изоляторында отырған күзет қамауындағы адамдардың негізгі құқықтары және міндеттері туралы хабарламаны алып тастауға ;

17) қабырғаларды, камера инвентарларын қағазбен, суреттермен, фотосуреттермен, газет және журнал қиындыларымен желімдеуге, оларға жазулар жазуға немесе суреттер салуға;

18) айқайлауға немесе басқа тәсілмен тыныштықты бұзуға;

19) тергеу изоляторының аумағындағы қозғалыс кезінде саптан шығуға, темекі шегуге, сөйлесуге, камера тесігінен қарауға, қандай да бір құралды жоғары көтеруге, дабыл қағу тетігін басуға ;

20) терезеден бірдеңе тастауға, терезе алдына шығып тұруға, желдеткіштен ұмтылуға, есіктің қарағыш тесігіне жабыса тақалуға;

21) жеке пайдаланудағы заттарды сатуға, сыйлауға немесе басқа тәсілмен беруге.

РҚАО-ның ескертуі: N 3-4 қосымшалардың қазақша ресми аудармасы болмағандықтан орысша мәтінді қараңыз.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі тергеу
изоляцияларының ішкі тәртіп
ережесіне N 5 қосымша

Сезіктілер мен айыпталушылардың өзімен бірге ұстауына, сақтауына болатын, сәлемдемемен, посылкамен және ақшасыз төлем арқылы ала алатын тамақ өнімдерінің, бірінші кезекте қажет заттардың, аяқ киімдердің, киімдердің және басқа да өнеркәсіп тауарларының

Тізімі

Сезіктілер мен айыпталушылардың өзімен бірге ұстауына, сақтауына болатын, сәлемдемемен, посылкамен және ақшасыз төлем арқылы ала алатын **з а т т а р** :

1) жылытуды қажет ететін, тез бұзылатын тамақ өнімдерінен, сондай-ақ ашытқыдан, алкоголь ішімдіктерінен және сырадан басқа тамақ өнімдері. Тамақ өнімдерінің тізімі санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің ескертуі бойынша шектелуі мүмкін. Күзет қамауындағы адамның өзімен бірге ұстауына болатын тамақ өнімдерінің жалпы салмағы 50 килограмнан аспауы тиіс;

2) темекі бұйымдары, шырпылар;

3) белдіксіз, галстуксіз, тартпасыз киімдердің бір комплектісі (оның ішінде белгіленген үлгідегі), сондай-ақ бас киім, жыл мезгіліне сай аяқ киім (темір табансыз, темір жапсырмасыз);

4) бір комплект спорт костюмі немесе әйелдердің үйге киетін халаты (белгіленген үлгідегі киім алған сезіктілер мен айыпталушылардан басқа);

5) ішкі киім;

6) носкилер;

7) шұлықтар немесе колготкалар (әйелдер үшін);

8) перчаткалар немесе қолғаптар;

9) қалта орамал;

10) үйге киетін аяқкиімдер немесе спорттық аяқ киімдер (бір жұп);

11) жуыну құралдары (шаруашылық сабыны, бет сабыны, сұйық сабын немесе шампунь (тергеу изоляторы дәрігерінің тағайындауымен), тіс пастасы, тіс щеткасы, сабынға және тіс щеткасына арналған пластмасса қораптар, крем, тарак т а р а у ы ш) ;

12) қалта айнасы (камерада айна болмаған жағдайда), электрлі немесе механикалы ұстара, бір-ақ рет пайдаланылатын қауіпсіз ұстара);

13) заттарға арналған қап немесе сумка;

14) көзәйнек және көзәйнекке арналған платмасса қорап;

15) орамал, рейтуздер, белдіктер, бюсгалтерьер, дәке, шаш түйрегіштер, мақта, гигиеналық және косметикалық заттар, пластмасса бигудилер (әйелдер ү ш і н) ;

16) балдақтар, ағаш таяқтар, протездер (дәрігердің рұқсатымен);

17) зауытта жасалған тұрмыстық электр қайнатқыш;

- 18) жөке немесе су сорғыш;
- 19) шарикті қалам, оның стержені (қара, сия түсті, көк түсті), жай қарандаш;
- 20) хат жазатын қағаз, оқушы дәптерлері, пошта конверті, открыткалар,
п о ш т а м а р к а л а р ы ;
- 21) тергеу изоляторының дүкенінен (ларегінен) сатып алынған дәретхана
қ а ғ а з д а р ы .
- 22) мойынға асынатын немесе қалтаға салып жүретін дінге табыну
з а т т а р ы ;
- 23) бір комплект төсек жабдықтары (екі жайма және жастық тысы), орамал;
- 24) тергеу изоляторының кітапханасынан немесе әкімшілік арқылы сауда
нүктелерінен сатып алынған көркем және басқа да әдебиеттер, сондай-ақ
м е р з і м д і б а с ы л ы м д а р ;
- 25) фотосуреттер - екіден аспауы керек;
- 26) стол ойындары (дойбылар, шахматтар, домино, нардалар);
- 27) бала күтуге арналған заттар (дәрігердің рұқсатымен қолында үш жасқа
д е й і н г і б а л а с ы б а р ә й е л д е р г е);
- 28) тергеу изоляторының дәрігері тағайындаған дәрі-дәрмектер.

Сезіктілер мен айыпталушыларға жоғарыда аталғандардан басқа қылмыстық іске немесе олардың құқықтары мен заңды қызығушылықтарына байланысты мәселелерге қатысы бар құжаттарды және қолжазбаларды, сондай-ақ пошталық тасымалдау бланкілерін, сақтауға тапсырылған ақшаның квитанцияларын, бағалы заттарды, құжаттарды және басқа заттарды өзімен бірге ұстауға және сақтауға рұқсат етіледі.

Осы тізімде көрсетілмеген заттар және құралдар тыйым салынған заттар болып табылады.

РҚАО-ның ескертуі: N 6-14 қосымшалардың қазақша ресми аудармасы болмағандықтан орысша мәтінді қараңыз .

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
тергеу изоляторларының ішкі
тәртіп ережесіне

N 15 қосымша

Қосымша ақылы қызмет көрсетудің тәртібі және олардың тізімі

1. Тергеу изоляторының әкімшілігі заңның 25-бабына сәйкес тиісті жағдай болғанда сезіктілер мен айыпталушыларды мынандай қосымша ақылы тұрмыстық, медициналық, сауықтыру және басқа да қызмет түрлерімен қ а м т а м а с ы з е т е д і :

- 1) емдеудің жеке түрлерімен;
- 2) денсаулық сақтау органдарының маман-дәрігерлерінің кеңесімен;

- 3) киімді және іш киімді жөндеу және жуумен;
- 4) аяқ киім жөндеумен;
- 5) шашты сәнмен алу, шашты сәндеумен, қырынумен;
- 6) тергеу изоляторының жеке құрамы үшін асханадан тамақ жеткізумен;
- 7) электр қайнатқышты, электр ұстарасын, электр желдеткішті, тоңазытқышты, радиоқабылдағышты және теледидарды уақытша пайдаланумен;
- 8) заңгерлік кеңеспен;
- 9) мекемеде ұсталушы адамның жеке ісіндегі құжаттардың көшірмесін алумен;
- 10) тамақ өнімдерін және өндіріс тауарларын беруді рәсімдеу бланкілерін сатумен;
- 11) тұрмыстық жағдайы жақсартылған камералар берумен;

2. Тергеу изоляторының қызметкерлеріне және тиісті дайындығы мен лицензиялары бар осы мақсатқа тартылған мамандарға көрсетілетін қосымша ақылы қызмет сезіктілер мен айыпталушыларға да көрсетілуі мүмкін.

3. Қосымша ақылы қызмет көрсетілуі үшін күзет қамауындағы адам тергеу изоляторы бастығының атына оның жеке есеп шотынан ақылы көмек көрсету үшін ақша бөлуін сұрап өтініш жазады. Тергеу изоляторының жауапты қызметкері күзет қамауындағы адамның жеке есеп шотында ақшаның бар екенін және тиісті сомасын тексеріп, өтінішке белгі жасайды, бұдан кейін тергеу изоляторының бастығы өтініштің мәні бойынша шешім қабылдайды.

4. Қызмет ақысын төлеу жергілікті жерде қолданылатын бағамен белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

16-қосымша <*>

Ескерту: 16-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 29 қазандағы N 769 бұйрығымен . V011700_

Жалпы камералардың сипаттамасы

Сезіктілер мен айыпталушылар ұсталатын камералар құрылымының сыртқы қоршаған ортадан және аралас үй-жайлардан сенімді оқшаулануы қамтамасыз етілуі тиіс. Камералардың жоспарлы нысаны оларды есіктегі "көзшеден" шолудың ыңғайлы болуын қамтамасыз етуі керек.

Камераларда көлемі 90x200 сантиметр (бұдан әрі - см.) қосарлы есіктердің болуы ескерілуі тиіс. Еденнен 95 сантиметр биіктік деңгейде тамақ таратуға арналған 18x22 см. терезе орнатылады. Жалпы камераларды габариті 1,88x0,65 метр екі қатарлы төсектермен, үстелдің ені және ағаш орындықтардың ұзындығы әр адамға 0,4 метрден келетін етіп, киім ілу үшін жасалған орынға ұзынынан бір метрге 5 орыннан келетін етіп жабдықтау қажет. Бұл орындарды еденнен төбеге дейін жасап, 0,7 метр деңгейінде және 2,3 метр тақтайдан жасалған, металл

рамкада бекітілген екі сөремен бөлінуі тиіс. Камералардағы барлық құралдар еденге бекітілуі керек.

Әр камерада қол жуғыштан және дәреталғыштан тұратын санитарлық желі (су ағызғыш ыдысы жоқ) жабдықталады. Су ағызғыш ыдыстардың орнатылуы мүмкін, бірақ оны монтаждау дәлізде (мүмкіндігі бойынша киім ілу үшін жасалған орында) орындалады, ал суды ағызып жіберетін құралдар кнопкалы қондырғы түрінде камераға шығарылады. Санитарлық желі шымалдық қоршаумен бөлінеді.

Терезенің ішкі жағынан қабырғадан 25-30 см. дөңесі бар, терезе ойығына жетуді шектейтін темір тор орнатылады. Барлық камераларда сырланған тақтай едендер салынады.